

2022-2023 оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыстардың сараптамасы

2022-2023 оқу жылында мектептің әдістемелік жұмысы «Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамыту» тақырыбында жұмыс жасады.

Мақсаты: Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде, шығармашылық әрекетке баулуда, білім беру саласындағы жаңалықтарды, озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, жинақтап, таратуда, кәсіби шеберлігі мен біліктілік деңгейін көтеруде мұғалімдерге нақты әдістемелік көмек көрсету.

Міндеті:

1. Педагогикалық қызметтің мақсаттары мен құралдарына деген қызығушылық құндылық көзқарасты қалыптастыру;
2. Жаңа педагогикалық технологияларды қолдану арқылы білім сапасын көтер;
3. Оқушыларды ойлау мен әрекет етуге үйретудің жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру;
4. Ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқу-тәрбие процесінің барлық деңгейін жетілдіру, оқу-тәрбие жұмысына жаңашылдық енгізу;
5. Ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру;
6. Шығармашыл мұғалімдердің тәжірибесін жинақтау және тарату.
7. Педагогтардың ғылыми-зерттеу және әдістемелік мәдениет деңгейінің өсуі мен дамуына жағдай жасау;
8. Әдістемелік жұмысты жетілдіру, пед.кадрлардың біліктілігін көтеру үшін мүмкіндіктер жасау;
9. Педагогтер мен оқушылар зерттеушілік жұмысын ұйымдастыру және жетілдіру;
10. Педагогтердің өздігінен білім алуын, олардың шығармашылық өсуін ұйымдастыру және жетілдіру;
11. Мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін, мүмкіндіктерін іске асыруға бағытталған шаралар жоспарлау, өткізу;
12. Қызметтегі белсенділігі мен шығармашылығы жоғары деңгейдегі мұғалімдерді қолдау жолдарын қарастыру;
13. Қашықтықтан оқыту жағдайында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру.

Педагог қызметкерлердің сапалық құрамы

Мектеп ұжымында барлығы 35 мұғалім, 36 тәрбиеші жұмыс жасайды, оның ішінде 7 мұғалім бала күтіміне байланысты демалыста отыр. 71 магистрі-3, педагогтардың жоғары білімдісі-47, ал 21-і арнаулы орта білімді.

Біліктілік санаты бойынша жоғары санатты педагогтар саны-4, I санатты-4, II- санатты 3, санаты жоқ-33. Мұғалімдердің жаңа біліктілік санаты бойынша педагог-зерттеуші- 5, педагог-сарапшы-7, педагог-модератор-13

Барлық педагогтар		Магистр	Білімі		Біліктілік санаты						
			Жоғары	Арнаулы	жоғары	I санат	II санат	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	санаты жоқ
Мұғалімдер	35	3	24	8	1	1	1	5	6	8	12
Тәрбиешілер	26	-	16	10	2	2	1	-	1	5	15
Қосалқы тәрбиешілер	10	-	7	3	1	1	1				6
Барлығы:	71	3	47	21	4	4	3	5	7	13	33

Алдағы оқу жылында педагогтердің біліктіліктерін арттыру негізгі мақсатқа алынып отыр.

Жыл басынан мектеп мұғалімдері 4 әдістемелік бірлестікке топтастырылған. Әдістемелік жұмыстың негізгі мақсаты - оқу-тәрбие үрдісінің жоғары нәтижесіне жету. Бұл мәселені шешуде әдістемелік бірлестіктер өз бағдарламаларын шығармашылықпен жасап, жүзеге асыруда.

Мектеп әдістемелік кеңесінің құрамына барлық әдістемелік бірлестік жетекшілері енеді. Әрбір ӘБ жыл бойы мектеп әдістемелік тақырыбымен тығыз байланысты болып келетін өз әдістемелік тақырыптары бойынша жұмыс істеді. ӘБ өз қызметін мұғалімге көмек көрсетуге, олардың өз тақырыптары бойынша теориялық және практикалық ақпараттарын талқылауға, жоба бойынша жұмыс қызметін, оқу процесін ұйымдастыруға бағыттады. ӘБ жұмысы мұғалімдер мен оқушылардың белсенділігін, шығармашылығын көрсетуге, өздерінің танымдық процестерін жүзеге асыруға және ақпараттық және басқа да шараларды ұйымдастырып өткізуге мүмкіндік берді.

2022-2023 оқу жылында мектептегі әдістемелік қызмет жұмысы мына бағыттар бойынша іске асырылды:

- 1.Әдістемелік кеңес отырыстары
2. Пән-мұғалімдерінің әдістеме бірлестігінің жұмысы.
- 3.Пәндік онкүндіктер
4. Педагогикалық қызметкерлердің аттестациясы бойынша жұмыс
5. НЗМ тәжірибесін тарату
- 6.Жаңартылған білім беру
- 7.Жас мамандармен жұмыс

Мектептің әдістемелік кеңес жұмысының жоспарына сәйкес 5 әдістемелік кеңес және 5 әдістемелік бірлестік отырыстары өтті.

Әдістемелік отырыста пәндер апталықтарының, мектепшілік семинарлардың қорытындысы, жас маман жұмысы, мұғалімдерді аттестациялау жұмыстары, оқушыларды мектепшілік, қалалық пән олимпиадаларына дайындау, жаңа технологияларды қолдану бағытындағы озат педагогикалық тәжірибені тарату, білім беруді нәтижеге бағыттау арқылы білім сапасын арттыру

жолдары, оқытудың тиімді технологияларын мектеп практикасына ендіру бағытындағы тәжірибе алмасу жұмыстары, нормативті құжаттар, мектепшілік байқаулар қорытындысы, сабаққа қойылатын талаптар мен және олардың ұйымдастырылуы туралы мәселелер, тоқсандық жиынтық бағалау қорытындылары қаралды. Сондай-ақ, жыл бойы әдістеме бірлестігінің отырыстарында мұғалімдер өздігінен білім алу тақырыптары бойынша есептерін берді.

Пән апталықтары.

ҚР Мемлекеттік тіл мерекесіне орай 5-12 қыркүйек аралығында Михаил Русаков атындағы мектеп-интернатында “Тіл- халық қазынасы, ұлт шежіресі” атты тіл апталығы өтті. Апталықтың негізгі мақсаты: ұлттың жаны, мемлекеттің айнасы болған қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, бүгінгі қоғамдағы маңыздылығын арттыру, жастардың бойында патриоттық сезімді ояту, қазақ тілін құрметтеу, қадір-қасиетін ұғындыру. Осы орайда мектепте әр түрлі іс-шаралар өткізілді.

Қыркүйектің 5 күні 7-8 сынып оқушылар арасында «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы» тақырыбында диктант өткізілді. Жазба жұмысының басты мақсаты - Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығымен танысу. Оқушылардың сауаттылығын арттыру.

Қыркүйектің 6 күні қоғам қайраткері, ақын Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай «Тіл - халық қазынасы, ұлт шежіресі» атты апталығы аясында 9-11 сынып оқушылар арасында «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында эссе жазу байқауы өткізілді. Жазба жұмысының басты мақсаты - Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығымен танысу. Оқушылардың сауаттылығын арттыру. Эссе жазуда оқушылар ақынның шығармаларына тоқталып, өз ойларын, көзқарастарын еркін жаза білді.

8 қыркүйегінде 11 «А» сыныбында орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ильина Г. А. Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналған апталық аясында оқырмандар байқауын өткізді. Тілдер апталығы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналды. Оқырмандар сайысының мақсаты: орыс тілі туралы білімдерін тереңдету, Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдерімен таныстыру. Бүкіл сыныпқа Ахмет Байтұрсынұлының орыс тіліндегі өлеңдері мен мәнерлеп оқу қандай критерийлер бойынша бағаланатыны берілді. Жеңімпаздарды қазылар алқасы белгіленген критерийлердің нәтижелері бойынша анықтады. 3 жеңімпаз анықталып, мақтау қағаздары табыс етілді:

1 орын – Сапарғалиева Мөлдір

2 орын – Жасұланов Аманат

3 орын – Бөлек Гүлім

8 қыркүйегінде 8 «А» сыныбында ағылшын пәнінің мұғалімі Коктаева Н. Н. Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналған апталық аясында «Who is the best» байқауын өткізді. Сайыстың мақсаты: ағылшын тілін түсінуді үйрету, алған білімдерін, дағдыларын нақты ситуацияда қолдана білу, логикалық ойлауды дамыту, топта жұмыс істеуді білу, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. Оқушылар “Sky”, “Sunshine” болып екі топқа

бөлінді. Сайыстың аяғында “Sky” тобы 1 орынға ие болып, тәттілермен марапатталды.

9-қыркүйек күні 5-9 сыныптар арасында «Ахмет Байтұрсынұлы - ұлттың ұлы ұстазы» атты сынып сағаттары ұйымдастырылды. Мақсаты: Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығынан білімдерін пысықтау, еңбектерінің мәні жоғары екендігін ұғындыру, Отансүйгіштікке, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Тәрбие сағаты барысында оқушылар өздеріне танымал Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларынан мысалдар келтіріп, өмірлік ұстаным етуге ұсыныс жасады

12 қыркүйек күні ағылшын тілі пәні мұғалімі Мадина Төлтайқызы Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналған «Полиглот» интеллектуалды ойынын өткізді. Бұл шараға 6 «Ә» сынып оқушылары белсене қатысты. Өткізілген шараның мақсаты оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, сөйлеу шеберлігін жетілдіру, белсенділігін арттыру болды. Ойын барысында әр команда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өздерінің білімдерін шындай түсті.

13 қыркүйек күні Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған тілдер апталығы аясында орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Әбеуова З.У. викторина өткізді. Шараға 9 «А» сынып оқушылары қатысты. Негізгі мақсат – Ахмет Байтұрсынұлы туралы білімдерін толықтыру, шығармашылығымен танысу. Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал», «Маса», «Төл аспаптар», «Әдеби анықтама» шығармалары ұсынылып, қатысушыларға ойынның мазмұнын ашатын викториналық сұрақтар мен тапсырмалар берілді.

Ахмет Байтұрсынұлының 150-жылдығына арналып өткізіліп жатқан тілдер апталығы жалғасын табуда. 14 қыркүйек күні қазақ тілі мұғалімі Х. А. Айтубай және мектеп кітапханашысы С. А. Анитова 6-7 сыныптар арасында "Ахмет - ұлт мақтанышы" атты әдеби кеш және кітап көрмесін ұйымдастырды. Мақсаты: Оқушыларға ана тілінің қадір-қасиетін ұғындырып, егеменді еліміздің ертеңі болар саналы, білімді, ұлтжанды азамат тәрбиелеу. Кітап көрмесімен мектеп кітапханашысы таныстырып өтті. "Ұлттың ұлы ұстазы" ұйымдастырылған кітап көрмесінде оқырмандарға ұсынылған кітап, журнал материалдарына шолу жасалды. Әдеби кешті жүргізушілері ретінде 9 сынып оқушылары өздері болды. Оқушылар Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы, шығармашылығы мен қоғамдық өмірдегі орыны туралы сөз қозғап, өлең шумақтарын жатқа оқыды. Шығармаларынан көрініс көрсетіліп, күй тартылып, бейнебаян көрсетілді.

Тілдер апталығы барысында ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы 150 жылдығына арналған сурет көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге жоғарғы сынып оқушылары қатысып, салған суреттері қойылды. Онда ұстаздың портреті және шығармаларынан алынған суреттер болды. Бауыржанова Жансая 9 Әсынып

Қасымжанова Сабина 9 Әсынып

Рахим Зарина - 9 А сынып.

15 қыркүйек күні 7 А сыныбында ағылшын пәнінің мұғалімі Ынтықбекова Г. К. Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналған апталық аясында "Play and Learn" атты интеллектуалды ойынын өткізді. Сайыстың мақсаты: ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылықтарын қалыптастыруға ықпал ету, сұраққа дұрыс жауап беріп, тапсырмаларды шешуде тапқырлық таныту, топта жұмыс істеуді білу, оқытылатын тілдің елінің тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Ойын барысында әр топ қазақ, ағылшын тілдерінде өз білімдерін көрсете білді.

Ахмет Байтұрсыновтың 150-жылдығына арналып өткізіліп жатқан тілдер апталығы жалғасын табуда. 16 қыркүйек күні қазақ тілі мұғалімі Есімбекова А. Т. 5-10 сыныптар арасында «Тіл деген алып мұхит, түбі терең» атты мәнерлеп оқу байқауын ұйымдастырды. Мақсаты: Оқушыларға мемлекеттік тілдің өркендеп, оянуын, мемлекеттік тілімізді сүйеге, егеменді еліміздің ертеңі болар саналы, білімді, ұлтжанды азамат тәрбиелеу.

Оқушылар байқауда Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдері мен тіл туралы өлеңдерді үш тілде жатқа оқыды. Байқау жеңімпаздары:

Бас жүлде - Дүйсенбі Ерсанат;

I орын - Ұйқасбаева Аяулым, Жүзбаев Әділ;

II орын - Болатбекұлы Аңсар, Арманұлы Әлібек;

III орын - Жақсылықбек Архат.

Қыркүйектің 16 жұлдызында мектептегі тіл апталығы қорытындыланды. Қорытынды жиында тіл апталығында ат салысқан жеңімпаздар мақтау қағазымен марапатталды. "ҚР тілдер апталығы" жоспарға сай өз дәрежесінде өтті.

Әдістемелік семинарлар.

Жоспарға сәйкес мектепшілік әдістемелік workshop, вебинар, коучинг, шебер сыныптар өткізілді.

№	Аты-жөні	Тақырыбы	Өту форматы
1.	Есімбекова А.Т.	«Сын тұрғысынан ойлау стратегиялары» мектепшілік семинар. Қалалық форум "Кәсіби мектеп-кәсіби қоғамдастықтың көшбасшысы" (Балқаш қаласы, 2021ж)	Семинар 13.10.2022
3.	Сопыханова Г.Т.	Сатылай кешенді талдау	26.02.2023 семинар
4.	Хамитова С. К.	«Химия сабағында ЕББҚ оқушыларымен жұмыс түрлерін ұйымдастыру» тақырыбында семинар «Химия пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу және сараптау»	20.12.2022 семинар 28.01.2023 семинар
5.	Ахметова Д. Д.	«Математика сабағында оқушылардың функционалдық	27.02.2023

		сауаттылығын дамыту»	
		"Оқытудың белсенді әдістері"	04.03.2023
6.	Сыздықова И. Н.	«Информатика сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары»	02.12.2021 семинар
7.	Жаксыгелдин И.Т.	«Блум таксономиясы бойынша деңгейлеп оқытудың тиімділігі»	21.01.2023 шеберлік сынып
8.	Алиева Ш.А.	«Функционалдық сауаттылықты арттыру»	25.01.2023 воркшоп
9.	Абеуова З. У.	Обучающий тренинг «Использование образовательных технологий на уроках русского языка и литературы»	29.04.2023 тренинг

Қалалық, облыстық деңгейінде 7 воркшоп, вебинарлар өтті

№	Аты-жөні	Тақырыбы	Өту форматы
1	Жаксыгельдин И.Т.	Облыстық форум “ Тарих сабағында сын тұрғысынан ойлау дамыту технологиясы ” (2022ж)	27.09.2022 нетворкинг
2	Коктаева Н.Н	«Мультимедиялық презентацияларды жасауға арналған Prezi, Powtoon, Piktochart сервистерін қолдану мүмкіндіктері»	10.01.2023 семинар
3	Ильина Г.А.	«Цифровые технологии для реализации стратегии оценивания учебных достижений учащихся»	20.01.2023 workshop
4	Абеуова З.У.	«Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында білім беру технологияларын қолдану»	15.10.2022 вебинар
5	Ахметова Д.Д	"Мұғалімнің кәсіби жетілуі - білім беру жүйесін жаңартудың негізі"	26.11.2022 вебинар
6	Елеубекова А.Б.	Серіктес мектептер арасында «Lesson study - сабақты зерттеу» тақырыбында семинар	29.02.2023

Біліктілікті арттыру курсы

№	Аты-жөні	Курс/семинар
1.	Абеуова Зарема Узақовна	1. Каникулярная школа по критериальному оцениванию 2. Курсы по образовательной программе повышения квалификации педагогических кадров по предмету «Русский язык и литература» в школах с казахским языком обучения в рамках обновления содержания среднего образования РК в объёме 80 академических часов. 13.11.2020
2.	Алиева Шынар Айбатыровна	1. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы онлайн форматта Информатика пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру 80 сағат. Куәлік. 2. «Өлеу» БАҰО Цифровые образовательные технологии в профессиональной деятельности педагога Сертификат. 19.02.21 3. ҚО ББД ОӘО «Цифрлық әлемге қадамдар» облыстық жобасы аясында «Python тілінде бағдарламалау» 36 сағат

		Сертификат. 4. Инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны. Сертификат.
3.	Аманбекова Гульмира Манарбековна	1. Инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны. Сертификат. 02.12-05.12.2020 ж 2. «Өрлеу» біліктілікті арттыру институты «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «Мектепте тәлімгерлікті ұйымдастыру» семинары 02.02.-04.02.2021 4. «Ұстаз тілегі» республикалық ғылыми әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Дарынды және талантты балалармен жұмыс: анықтау, дамыту, шыңдау» атты республикалық онлайн конференция. Сертификат. 26.11.2020 ж 5. Қарағанды облысы, « Сарыарқа дарыны» балаларға білім беру аймақтық ғылыми -практикалық орталығы «Зерделі» ақыл ой дамыту мектебі 6. «Ғаламат» онлайн мектебі. «Жылдам оқу маманы бол» 3 күндік курсы. Сертификат
4.	Ахметжанова Алмара Саматовна	1. Инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны. 02.12-05.12.2020 2. БЖБ ТЖТ ұйымдастыру бойынша курс
5.	Ахметова Динара Джарлыкабовна	1. «Педагогикалық шеберлік орталығының» ұйымдастыруымен «Оқушылардың математикалық және оқу сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту» курсы оқығаны жайлы СЕРТИФИКАТ 2. «Білім және ғылым министрлігі» мен «НЗМ» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесі әзірлеген «Қашықтықтан оқуды үйретемін» курсы үздік аяқтағаны жайлы СЕРТИФИКАТ. 11.2020 3. «Критериалды бағалау бойынша» каникулдық мектепке қатысқаны туралы СЕРТИФИКАТ 4. «Орталық Азия» университетінің ұйымдастыруымен «Комбинаторика және ықтималдық» халықаралық курсына қатысқаны туралы СЕРТИФИКАТ 5. Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығымен «Зейін» жобасы негізінде «Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды құрастыру және сабақ үрдісінде қолдану» тақырыбында облыстық семинар. 6. «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында математика (алгебра, геометрия) пәнінің мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» курсы 7. Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Математика» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру онлайн курсы СЕРТИФИКАТ
6.	Біләл Наздана Жаңабекқызы	1.Қазақмыс « Тігінен және көлденеңнен сабақ жоспарын құру» 2. ЦПМ «Бастауыш сынып пәндері бойынша бағалау тапсырмаларын әзірлеу және сараптау» 3. Өрлеу «Инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы

		білім беру ортасының мазмұны»
7.	Елеубекова Айжан Болатбековна	ҚР мектеп –интернаты педагогтарына арналған педагог кадрларының біліктіліген арттыру «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдері» тақырыбында білім беру бағдарламасы бойынша оқыту курсы аяқтады (80 сағат)
8.	Есимбекова Асел	1.Инклюзивті білім беру 2. Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу 3.Табысты сабақ жоспарының критерийлері (семинар)
9.	Жаксыгелдин Ильяс Тилекович	.”САНА” зияткерлік орталығы ұйымдастырған ”Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында Қазақстан тарихын оқытудың тиімді әдістері” республикалық семинары «Өрлеу» Мектептегі өлкетану жұмысын ұйымдастыру және өткізу 80 сағат 2020
10.	Ильина Галина Анатольевна	2020г. АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» филиал Центра педагогического мастерства в г.Караганда. Курс повышения квалификации педагогических кадров «Разработка и экспертиза заданий для оценивания» по предмету «Русский язык и литература» в школах с казахским языком обучения в рамках обновления содержания среднего образования РК в объеме 80 академических часов. 2020г. Семинар, проведенный Центром педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» на тему: «Эффективное планирование уроков в условиях дистанционного обучения». 2021г Семинар АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» филиал Центра педагогического мастерства в г.Караганда. «Качество знаний в среднем звене»
11.	Кумисбеков Алибек Серикболович	1. Курсы обучения по образовательной программе повышения квалификации педагогических кадров на тему «Методологические подходы к организации инклюзивного образования в общеобразовательных школах в условиях обновления содержания образования» для педагогов школы-интернатов РК 2. Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагог кадрларына арналған «Әскери-патриоттық клубтарда Отанды қорғауға саналы көзқарасты қалыптастыру» ҚР білім және ғылым министірлігі. 3. 2022- Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту 80 сағат
12.	Казбекова М.Т.	2021- Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру 80 сағат
13.	Нугалиева Н.М.	2022- Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту 80 сағат
14.	Мұғиын Мадина Төлтайқызы	2020 - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген "Қашықтан оқыту кезінде сабақтарды тиімді жоспарлау. Қашықтан оқыту жағдайында қалыптастырушы және жиынтық

		<p>бағалауды өткізу"</p> <p>2020 - Оқу мақсаттары мен міндеттерін шешу үшін – онлайн құралдарды қолдану</p> <p>2020 – Инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны</p> <p>2021 - Сабақты жоспарлау ерекшеліктері: тігінен және көлденең жоспарлау</p> <p>2021 - Іс әрекетті, тәжірибені зерттеу (Action Research) 1 кезең</p> <p>2021 - Іс әрекетті, тәжірибені зерттеу (Action Research) 2 кезең</p> <p>2021 - Орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Ағылшын тілі» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы</p>
15.	Рахимберлина Назгуль Сагындыковна	<p>1. Облыс мектептері директорларының орынбасарларына арналған курстар</p> <p>2. «Ағылшын тілі пәні» пәні бойынша 'Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау</p> <p>3. «Эффективные способы использования учебно–методического комплекса в преподавании английского языка». "Express Publishing" Республиканский вебинар</p>
16.	Сопыханова Гульнара Тиыштыкбаевна	<p>1. 2022- Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру 80 сағат</p> <p>2. 2020 – Инклюзивті білім берудің дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны/Өрлеу/ 40 сағат</p> <p>3. 2020 – Қашықтан оқытуды үйренемін/НЗМ қашықтан/ 40 сағат</p>
17.	Сыздықова Индира Нұртайқызы	<p>1. ҚР-да орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Информатика» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде онлайн курс аяқтадым.</p> <p>2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы онлайн форматта өткізілген критериалды бағалау бойынша каникулдық мектепке қатыстым</p>
18.	Хамитова Салтанат Камбаровна	<p>1.2021-ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде 'Биология' және 'Жаратылыстану' пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 80 сағат / Қарағанды ПШО /-Сертификат</p> <p>2.2021- 'Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдері' / Нұрсұлтан қаласы ' AGZAN' FBO/-Сертификат</p> <p>3. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы онлайн форматта өткізген 36 академиялық сағат көлеміндегі критериалды бағалау бойынша каникулдық мектепке қатысты. 13.11.2020ж-биология</p> <p>4. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы онлайн форматта өткізген 36 академиялық сағат көлеміндегі критериалды бағалау бойынша каникулдық мектепке қатысты.14.01.2021ж-химия</p>

		<p>бойынша</p> <p>5. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде «Биология» пәні бойынша «Бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде оқыту курсы. 12.02.2021ж</p> <p>6. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «Қашықтықтан оқытудың практикалық құралдары» атты 5 академиялық сағат көлеміндегі вебинарлар топтамасы.25-26.02.2021ж</p> <p>7.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» жеке меншік мекемесінің филиалдарының базасында өткен 19.04-30.04.2021ж. аралығында «Биология» және «Жаратылыстану» біліктілікті арттыру курсы.</p>
19.	Ынтықбекова Гульнара Канатовна	<p>1. Қараша айында «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» курс.</p> <p>2. Қаңтар айында «Using Backward Design Effectively in language Teaching» семинары. Сертификат</p> <p>3. Ақпан айында «Іс әрекеттегі тәжірибені зерттеу» (Action Research) бойынша курс. Сертификат.</p> <p>4. Ақпан айында «Stories at the heart of learning in the primary school» семинары.Сертификат.</p> <p>5. Ақпан айында “How to create an inclusive classroom environment”-Macmillan education, Сертификат.</p> <p>6. Ақпан айында «Қашықтықтан оқытудың практикалы құралдары» семинары.Сертификат.</p> <p>7. Наурыз айында Критериалды бағалу бойынша каникулдық мектеп.Сертификат.</p>
20.	Сағындық Ш.А.	<p>1. ҚР жалпы білім беретін педагогтарына арналған педагог кадрларының біліктілігін арттыру «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдері» тақырыбында 2022 жылы 4 сәуірден 15 сәуір аралығында білім беру бағдарламасы бойынша оқыту курсы аяқтады (80 сағат), Нұр-Сұлтан қаласы «AGZHAN» ғылыми-білім беру орталығы»-Сертификат</p> <p>2. «Өрлеу» Физика мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, 80 сағат</p>
21.	Алуақасова Э.К.	Өрлеу 2022ж.- Интернаттық ұйымдарда тәрбие жұмысын жоспарлау және іске асыру бойынша педагогтердің психологиялық- педагогикалық және әлеуметтік құзыреттілігін дамыту 80 сағат
22.	Бейсекеева Ш.М.	Өрлеу 2022ж.- Интернаттық ұйымдарда тәрбие жұмысын жоспарлау және іске асыру бойынша педагогтердің психологиялық- педагогикалық және әлеуметтік құзыреттілігін дамыту 80 сағат
23.	Млтықбекова Эльмира Сериккызы	<p>1.Интернаттық ұйымдағы тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін дамыту 2021ж. 80 сағат</p> <p>2. «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру,Үйірме жұмыстарын ұйымдастыру,Рухани – адамгершілік тәрбиені дамытудың заманауи тәсілі, Балалардың эмоционалды интелектісін тәрбие арқылы</p>

		дамыту, Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың сабақтан тыс түрі»
24.	Нөкербекова Гүлсім Амантайқызы	1. «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Интернаттық ұйымдардағы тәрбиелеушілердің кәсіби құзыреттілігін дамыту 2021ж. 80 сағат 2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру; Рухани – адамгершілік тәрбиені дамытудың заманауи тәсілі. 3. «Сана» зияткерлік орталығы «Экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеуге арналған қашықтықтан білім беру технологиялары» 4. «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Цифровые образовательные технологии в профессиональной деятельности педагога.
25.	Жумабекова А.У.	Өрлеу 2022ж.- Интернаттық ұйымдарда тәрбие жұмысын жоспарлау және іске асыру бойынша педагогтердің психологиялық- педагогикалық және әлеуметтік құзыреттілігін дамыту 80 сағат
26.	Кусаинова М.Р.	Өрлеу 2022ж.- Интернаттық ұйымдарда тәрбие жұмысын жоспарлау және іске асыру бойынша педагогтердің психологиялық- педагогикалық және әлеуметтік құзыреттілігін дамыту 80 сағат
27.	Керімжан А.Р.	Өрлеу 2022ж.- Интернаттық ұйымдарда тәрбие жұмысын жоспарлау және іске асыру бойынша педагогтердің психологиялық- педагогикалық және әлеуметтік құзыреттілігін дамыту 80 сағат
28.	Каленова Р.С.	Өрлеу 2022ж.- Интернаттық ұйымдарда тәрбие жұмысын жоспарлау және іске асыру бойынша педагогтердің психологиялық- педагогикалық және әлеуметтік құзыреттілігін дамыту 80 сағат
29.	Тлеубекова Карлыгаш Омархановна	2021ж.Курс: ҚР білім және ғылым министрлігі «Өрлеу»біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ. «Интернаттық ұйымдардағы тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін дамыту» 80 сағат.
30.	Тулегенова А.Б.	Өрлеу 2022ж.- Интернаттық ұйымдарда тәрбие жұмысын жоспарлау және іске асыру бойынша педагогтердің психологиялық- педагогикалық және әлеуметтік құзыреттілігін дамыту 80 сағат
31.	Тажикеева Бакытжамал Несипбаевна	1.2021 жылы «Сана» зияткерлік орталығы «Жаңа замандағы жаңашыл сынып жетекші» Республикалық семинар. Сертификат 2.2021 жыл-«Назарбаева зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «тәрбие жұмысын ұйымдастыру; Ата-аналармен жұмыс ұйымдастыру; Рухани адамгершілік тәрбиені дамытудың заманауи тәсілі; Балалардың эмоционалды интелектісін тәжірибе арқылы дамыту; Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін сабақтан тыс түрі» Вебинар сабақ. 32 сағат. Сертификат Өрлеу 2022ж.- Интернаттық ұйымдарда тәрбие жұмысын жоспарлау және іске асыру бойынша педагогтердің

		психологиялық- педагогикалық және әлеуметтік құзыреттілігін дамыту 80 сағат
32.	Мусабекова Роза Ергалиевна	1.2021 жылы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министірлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы. Интернаттағы ұйымдарындағы тәрбиешінің кәсіби құзіреттігін дамыту. 80 сағат Сертификат№0404211 2.2021 жыл-«Назарбаева зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «тәрбие жұмысын ұйымдастыру; Ата-аналармен жұмыс ұйымдастыру; Рухани адамгершілік тәрбиені дамытудың заманауи тәсілі; Балалардың эмоционалды интелектісін тәжірибе арқылы дамыту; Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін сабақтан тыс түрі» Вебинар сабақ. 32 сағат. Сертификат
33.	Махмутова Динара Амангельдиевна	1. 2020жыл-«Назарбаев Зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген оқушылардың кәсіби бағдары бойынша мектеп директорларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 40 академиялық сағат көлемінде курс аяқтады. Сертификат 2. 2021жыл- «Назарбаев Зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы өткізген «Қашықтықтан оқытуды қолдау көрсету онлайн ресурстарды пайдалану» тақырыбындағы 8 академиялық сағат көлеміндегі семинарға қатысты. Сертификат/ код 402847cd
34.	Жетпісқызы Айдана	«Тәрбие жұмысын ұйымдастыру; Ата-аналармен жұмыстарын ұйымдастыру ; Рухани адамгершілік тәрбиені дамытудың замануи тәсілі; Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың сабақтан тыс түрі» тақырыбындағы 32 академиялық сағат семинары

2022-2023 оқу жылында мұғалімдер мен тәрбиешілердің біліктілігін арттыру мақсатында әр түрлі деңгейлердегі курс пен семинарларға қатысты. Атап айтар болсақ, 11 мұғалім күзгі, қысқы, көктемгі мектепке; 10 мұғалім біліктілікті арттыру курстарына; 5 мұғалім БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу бойынша курстарға; 9 ұстаз инклюзивті білім беру мазмұны бойынша курстарға; 10 мұғалім жаңартылған білім беру мазмұны бойынша курстарға; 2 басшының орынбасары орынбасарлар курстарына; сабақты зерттеу бойынша курсқа 2 мұғалім; іс-әрекетті зерттеу бойынша курсқа 2 мұғалім; интернаттағы ұйымдарындағы тәрбиешінің кәсіби құзіреттігін дамыту бойынша курсқа 5 тәрбиеші, «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру; Ата-аналармен жұмыстарын ұйымдастыру ; Рухани адамгершілік тәрбиені дамытудың замануи тәсілі; Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың сабақтан тыс түрі» қалалық ашық сынып сағаттарына 7 тәрбиеші қатысты.

Қазіргі кезде үштілдік білім беруді енгізуде мұғалімдердің арнайы тілдік дайындықтардан, біліктілікті арттыру курстарынан өтпегендігі қиындық туғызады. Алдағы уақытта пән мұғалімдерін арнайы тілдік курстарға жіберуді жоспарлап отырмыз.

Сертификатталған ұстаздармен жұмыс.

III /базалық/ деңгей бойынша сертификатталған ұстаздар туралы мәлімет

№	Аты-жөні	Пәні	Санаты	Деңгейі	Курстан өткен жылы
1.	Алиева Ш.А.	Информатика	II	III	2013ж.
2.	Елеубекова А.Б.	Бастауыш сынып	II	III	2013ж.
3.	Абеуова З.У.	Орыс тілі	Педагог-зерттеуші	III	2015ж.
5.	Сопыханова Г.Т.	Бастауыш сынып	I	ЛУПС	2018ж
6.	Жаксыгелдин И.Т.	Тарих	Педагог-сарапшы	III	2013ж

Мектебімізде деңгей бойынша сертификатталған ұстаздардың жалпы саны-6. Осы 3 айлық біліктілікті арттыру курсынан өткен мұғалімдерден мектепшілік топ құрылды. Топ координаторы болып ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ынтыкбекова Г.К. тағайындалып, магниттік мектептердің жетекші С.Сейфулин атындағы № 7 мектеп- гимназияның ұйымдастыруымен өткен «Білім сапасы назарда» атты қалалық форумына мектеп басшысы, орынбасарлары, мектеп үйлестірушісі, фокус-топ мүшелері мен мұғалімдер қатысты. Форум үш бағытта өтті. Бірінші алаңда тарих мұғалімі И. Т. Жаксыгелдин сабақты зерттеу (Lesson Study) бойынша фокус-топ мүшелерінің жұмысы туралы баяндап, жетістіктерімен бөлісті. Екінші алаңда информатика пәнінің мұғалімі Ш. А. Алиева үштілділік білім беру аясында информатика пәнін ағылшын тілінде беру қыр-сырларымен бөлісіп, шеберлік сағатын ұйымдастырса, үшінші бағытта директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары Г. Т. Сопыханова мектептегі әдістемелік қызметтің 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмысына сараптама жасады. Форум қорытындысы бойынша оқу жылында әріптестерімен іс-тәжірибесімен бөлісіп, вебинар мен воркшоптар өткізген ұстаздарға алғыс хаттар, форумда сөз сөйлеген ұстаздар мен мектеп үйлестірушісіне сертификаттар берілді.

Педагогтардың байқауларға, ғылыми –тәжірибелік конференцияларға қатысуы

Ұстаздардың әр түрлі деңгейдегі байқауларға қатысу деңгейіне тоқталсам, өткен оқу жылында педагогтардың 9%-ы қатысса, биылғы оқу жылында педагогтардың 12%-ы қатысты.

Ғ.п.к-ға қатысу деңгейі 2019-2020 о.ж.- 4% (3), 2020-2021 о.ж. -1,2 % (1), 2021-2022 о.ж. -4 % (3), 2022-2023 о.ж.-3 %

Баспа беттеріне жарияланған жұмыстар 2022-2023 о.ж. - 12% пайызды құраса, (9 жұмыс), биыл- 20% (10 жұмыс)

№	Аты-жөні	Сайыс
1.	Аманбекова Г.М.	1. Daryn.online білім беру платформасы мен Qaztest.kz олимпиада сайты бірлесіп педагогтардың біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырған I Республикалық “Кемеңгер ұстаз” олимпиадасы .3 дәрежелі диплом 2. Жетекші мектептің ұйымдастыруымен өткізілген серіктес мектептер арасындағы қалалық педагог қызметкерлердің «Ең үздік конструктивті сабақ» бейне сабақтар байқауы. 1 орын дипломы 3. «Ұстаз тілегі» республикалық ғылыми әдістемелік орталығы

		Халықаралық «Үздік педогог» ұстаздар арасында олимпиадасы. 1 дәрежелі диплом 3. UBTEST.KZ сайты ұйымдастырған «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» республикалық онлайн олимпиадасына белсенді қатысып, жоғары нәтиже көрсеткені үшін алғыс хат. 4. «IGcenter urker» ПОНИ Халықаралық байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін сапалы дайындаған үшін алғыс дипломы. 5. «Зейін» республикалық олимпиадасы, 3 орын /"Urker mitec" орталығы/
2.	Жаксыгелдин И.Т.	Жетекші мектептің ұйымдастыруымен өткізілген серіктес мектептер арасындағы қалалық педогог қызметкерлердің «Ең үздік конструктивті сабақ» бейне сабақтар байқауы. 2 орын дипломы
3.	Ильина Г.А.	«Ең үздік конструктивті сабақ» бейне- сабақтар байқауында 3 орын.
4.	Рахимберлина Н.С.	Республиканская олимпиада «Зейін», 1 место
5.	Коктаева Н.Н	Республикалық Ұлттық интернет олимпиадасы kio.kz /онлайнға/ қатысып, II орын
6.	Мұғиын М.Т.	29 қазан күні “Тілдер орталығы” КММ 2021 жылғы іс-шаралар жоспарына сәйкес үш тілді жетік меңгерген жастар арасында өткізген “Тілдарын” байқауына қатысып, жүлделі II орымен марапатталдым. *12 қараша күні Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жыл толуына орай “Дүниеге келер әлі талай Қасым” атты қалалық жыр мүшәйрасында II орынды иелендім. *Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылған “Тәуелсіздік - тәңірден келген тәтті сы” атты қалалық жас ақындар мүшәйрасында III орынмен марапатталдым. Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған “Цифрлық әлем” апталығы аясында қалалық деңгейде 5-6 сыныптар арасында “Secure network. Қауіпсіз желі” атты танымдық ойынын өткіздім.
7.	Хамитова С.Р.	2022-«Мамандықтар әлемін ашамыз» қалалық байқауы бойынша «Осындай мамандық бар» номинациясы бойынша 3-орын /Мадақтама

2022-2023 оқу жылында ұстаздарың жариялаған жұмыстары

№	Аты-жөні	Мақаланың атауы, жарияланған газет, уақыты
1.	Абеуова З.У.	Публикация на сайте uchitelya.kz методической разработки в печатном издании. РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ ПОСРЕДСТВОМ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ. Газета " Изденіс" 21.04.2022 №8 (222) СТАТЬЯ «СПОСОБЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ» Журнал «Мектеп» СВИДЕТЕЛЬСТВО о публикации ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ Журнал «Мұғалім» 2022 май
2.	Аманбекова Г.М.	2020 жыл- «ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖАҢА ФОРМАТ РЕТІНДЕ» Өрлеу.Аймақтағы білім газеті
3.	Есимбекова	ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ

	А.Т.	СЫНИ ОЙЛАУ ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ӘДІСТЕМЕСІ Қарағанды қаласы 2021 Әдістемелік нұсқаулық Авторлық бағдарлама Қазақ әдебиеті пәнін оқытуда оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту Мақала (УМЦ)
4.	Жаксыгелдин И.Т.	Әлихан Бөкейханның- аграрлық салаға арнаған ауқымды зерттеулері” (Тоқырауын тынысы газеті, ақпан)
5.	Ильина Г.А.	Журнал «Білім технологиялары» («Образовательные технологии») № 1, 2020 год статья на тему: «Как повысить интерес учащихся к изучению русского языка в национальной школе».
6.	Сопыханова Г.Т.	1. 2020 – Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында бастауыш сыныптарда инновациялық технологияларды қолдау арқылы оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттыру» (Ұлы дала ұстазы Халықаралық ғылыми-педагогикалық журнал, мақала) - Сертификат 2. 2021 – Республикалық әдістемелік, танымдық, мәдени рухани журнал Қазақ елі мәңгілік ел – Математика сабағында бастауыш сынып оқушыларының ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру (мақала) 3. Қарағанды обл. Білім беруді дамыту оқу- әдістемелік орталығы ҚМҚМ «Функционалдық сауаттылық- білім беру сапасын жақсартудың аса маңызды шарты» Мақала «Бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын арттыруда белсенді- әдіс тәсілдерді қолданудың тиімділігі» (УМЦ)
7.	Хамитова С.К.	1. «Ustaz tilegi» Республикалық ғылыми – әдістемелік сайтында ашық сабақ жарияланды. Тақырыбы: «Тоқсандық жиынтық бағалау» 7- сынып (сертификат) 23.11.2020ж 2. Білім беру саласының дамуына қосқан қомақты үлесі мен «Ustaz tilegi» Республикалық ғылыми – әдістемелік сайтында оқу әдістемелік материал жариялағаны үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Тақырыбы: «Тоқсандық жиынтық бағалау» 7-сынып биология 23.11.2020ж
8.	Ынтықбекова Г.К.	Наурыз айында Республикалық педагогикалық ғылыми әдістемелік журналына мақала шықты. Сертификат, Диплом
9.	Жумабекова А.О.	1.2021 ж. «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» республикалық журнал ТАҚЫРЫБЫ: «Ұлттық өнердің оқушылар мәдениетін қалыптастырудағы маңыздылығы»
10.	Курманбекова Л.К.	2020 жыл «Балқаш өңірі». «Алда айқын бағыт, ауқымды міндет тұр»
11.	Махмутова Д.А.	1.«Алгоритм» «Жаңа әлем дамуындағы инновациялық технологиялардың рөлі» атты ІҮ дәстүрлі Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференция Еңбектері, Том 1., мақала «Қашықтықтан оқыту технологиясы перспективалық тәсілдер» 2. «Ізденіс» облыстық газеті мақала «Құқықтық сауаттылық- уақыт талабы» 3. Республикалық «Соқпақ» журналы., мақала «Өз өлкеңді тану- рухани жаңғырудың даңғылы»
12.	Млтықбекова	Пульс газет Мақала «Жыр алыбы-Жамбыл»

13.	Тажикеева Б.Н.	<p>1. 2020-Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. 4(5)..Үлкенге құрмет,кішіге ізет"/сын.тыс іс-шара./</p> <p>2. 2020-Қалалық бұқаралық "Балқаш өңірі"-газеті."Ұлт мақтанышын ұлықтау міндет"/ мақала./</p> <p>3. 2021-Республикалық педагогикалық-әдістемелік Тәрбие сағаты - журналы."Салт дәстүр-асыл қазына"/сын.тыс іс шара/.</p> <p>4. 2021-Облыстық педагогикалық газет -Ізденіс.Сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту./ мақала./</p> <p>5. 2021-Республикалық педагогикалық әдістемелік Тәрбие сағаты- журналы."Ер төстік"-ертегісі/сын сағ/</p> <p>6. 2021-Ы.Алтынарин өлеңдерінің тәрбиелік мәні"/мақала жинаққа енгізілді/</p> <p>7. 2021-Республикалық ғылыми -әдістемелік журнал. "Халық мұрасы-асыл қазына"/-сын.тыс іс-шара/</p>
-----	-------------------	--

2022-2023 оқу жылында оқушылардың ұстаздарың жетекшілігімен қатысқан олимпиада, байқаулары

№	Аты-жөні	Оқушы	Конкурс
1.	Аманбекова Г.М.	1.Амангелдиева Д 2.Жилтинов Аңсар 3.Бекенова Дамира 4.Қайырбек Айсезім	«ПОНИ» халықаралық байқауы . 2 дәрежелі диплом
		1.Жилтинов Аңсар 2.Төлендіқызы Аруна 3.Қайырбек Айсезім	EduLiAf. Kz Республикалық «Көркем жазу» байқауы мадақтама
2.	Біләл Н.Ж.	Төлеген Айназ Балтабек Арсен	2 орын (Пони) 3 орын (Пони)
		Өмірзақ Досымжан	«Мен зерттеушімін» облыстық фестиваліне белсене қатысқаны үшін.
		Сембай Аяжан, Өмірзақ Досымжан, Жеңісқызы Інжі. Мадақтама – Балтабек Арсен	«Алыс та жақын ғарыш» «Жасыл ел» халықаралық форумы шеңбері төңірегінде өткен аймақтық сырттай экологиялық байқауында үздік жұмыс. Алғыс хат –
3.	Жаксыгелдин И.Т.	1.Сүйіндік Б 11 “а” Қазақстан тарихы II орын 2. Адамбеков Д 10”а” сынып Құқық негіздері II орын	Қалалық пәндік олимпиада
		Төлеген Е 6 “э” сынып III орын	ҚР ШҒА ОҚБ 50 ші ғылыми практикалық конференциясы оқу зертеу жұмыстары байқауы.
		Сүйіндік Б. Аяғанова Б 11 “а” сынып- I орын	Облыс мектептері оқушылары арасындағы Қарағанды қаласындағы “Қазіргі заманғы көпсалалы колледжі ұйымдастырған “Жүзден жүйрік сайысы“

		Мектеп командасы - II орын	Қалалық мұражай ұйымдастырған сайыс
		Сүйіндік Бекарыс - I орын	№15 м-л ұйымдастырған Ә. Бөкейхановтың 155 ж орай конференция
		III орын 6"ә" сынып "Алаша" тобы	Наурыз жыл басы - 2023
4.	Ильина Г.А.	Сапарғалиева М. – 3 орын	Қалалық пәндік олимпиада
5.	Рахимберлина Н.С.	2 место Ағанова Баян 3 место – Сүйіндік Бекарыс	Speak your mind
		3 место – Аяғанова Баян Участник Сүйіндік Бекарыс	Конкурс переводчиков

Үштілділікті енгізу нәтижелілігі

2022-2023 оқу жылында Михаил Русаков атындағы мектеп-интернаты үштілді білім беру бағдарламасы бойынша ағылшын тілінде биология және информатика сабақтарын енгізу және өткізу бойынша жұмыстары жалғасуда. Мектептің даму бағдарламасы аясында, ЖМ пәндеріне үштілділікті енгізу жобасы аясында 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспары құрылып, бекітілді. Үштілділікті енгізу бойынша тиісті құжаттар әзірленіп, жеке папкаға жинақталды. Жоспар бойынша бір қатар іс-шаралар жоспарланып жүзеге асырылуда.

Үштілді білім беру бағдарламасы келесі әдістемелік принциптерге негізделген:

- негізгі сөйлеу дағдыларын кіріктіру (үш тілде);
- тапсырмалар мен дидактикалық материалдың кәсіби-коммуникативті бағыты;
- контексттік лексикамен таныстыру.

Мектепте екі сертификатталған ЖМБ мұғалімдері бар:

№	ФИО учителя	предмет	уровень	класс	Ішінара / толық
1	Хамитова С. К.	Биология	B1	8а,ә	Ішінара
2	Алиева Ш. А.	информатика	B2	10 а	толық

Барлық мұғалімдер сабақ беру және сабақ дайындау үшін қазақ және ағылшын тілдеріндегі екі тілде оқулықтарды пайдаланды. Сабақ әзірлеу және өткізу үшін BilimLand, <https://learningapps.org/>, <http://rebus1.com/>, <https://padlet.com>, <https://nearpod.com/> сияқты білім беру сайттарын қолданылды. Биылғы оқу жылындағы сабақтардың барлығы қашықтық форматта өтті, сондықтан бұл ресурстарды ұтымды пайдалану оқытудың өзі үшін де, интерактивті форматтағы оқу тапсырмаларын орындау үшін де барынша тиімді болды.

Осы оқу жылында 12 сәуір мен 17 сәуір аралығында «Science and technology» («Ғылым және технология») атты үштілді білім беру апталығы өтті.

Апталықтың мақсаты: мәселелерді шешуде тың идеялары бар, жаңаша стильде ойлайтын, өз-өзіне сенімді, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу. Апталық барысында көптеген қызықты іс-шаралар өткізілді. Апталықта CLIL әдістемесін меңгеру нәтижесі көрсетілді, мұнда әр мұғалім сыныптан тыс жұмыстар, өз тәжірибелерін көрсету және жалпылау сабақтарын өткізді. Барлық өткізілген шаралар мектептің ресми сайты мен ФБ және инстаграм желісіне орналастырылды.

Одан басқа жоспар бойынша екі мұғалім жоспар бойынша ашық сабақтар өткізіп, серіктес мектептер жоспарына сай шеберлік сынып өткізіп, білімін жетілдіру мақсатында семинарларға қатысты.

Ашық сабақтарды өткізу кестесі

№	Пән	Тақырыбы	Сынып	Өткізу мерзімі	Жауапты
I жартыжылдық					
1	«Адам биологиясы» факультатив	«Эндокриндік жүйесі мүшелерінің қызметтерінің бұзылуынан болатын ауытқулар. Members of the endocrine system of service abnormality»	8 «А, Ә»	13.10	Хамитова С.К.
II жартыжылдық					
1	Информатика пәні	"Web - design"	10 «А»	4.02	Алиева Ш.А.
2	Информатика пәні	«SQL Join function»	10 «А»	24.04	Алиева Ш.А.

Қатысқан вебинарлар, курс, семинарлар

№	Тақырыбы/атауы	түрі /вебинар, курс, семинар/	Қатысушы педагог	уақыты
1	«Оқу-әдістемелік кешенді оқытуда қолданудың тиімді жолдары CLIL технологиясын қолданатын ЖМФ элементтері»	вебинар	Хамитова С.К	13.05.2023ж

Вебинарлар, курс, семинарлар, шеберлік сынып, тәжірибе тарату

№	Тақырыбы/атауы	түрі	Жауапты	уақыты
1	«Білім сапасы назарда» атты қалалық форумда «Үштілділік білім беру аясында информатика пәнін ағылшын тілінде беру»	шеберлік сынып	Алиева Ш. А.	26.05.2023

Биология пәнінің мұғалімі Хамитова С. К. 8-сыныптарда «Адам биологиясы» терминдерді кіріктіру факультативін үш жылдан бері жүргізіп келеді. Қатыстырылған ашық факультатив сабақтарында қызықты мәліметтер видео, аудио түрінде және арнайы тапсырмалар ағылшын тілінде беріледі. Бұл тыңдалым дағдысын дамытады. Сынып тілі (classroom language) сабақта жақсы қолданылды. Сабақта ағылшын тілінде жүргізілу пайызы – 50 % болды. Мұғалімге кейбір термин сөздердің айтылуына көңіл аударылсын деген ұсыным жасалады.

Өткізілген ашық сабағы: 13 қазан күні биология-химия пәні мұғалімі Хамитова С. К. 8 «А», «Ә» сыныбында «Адам биологиясы» факультативтік курс бойынша «Эндокриндік жүйесі мүшелерінің қызметтерінің бұзылуынан болатын ауытқулар. Members of the endocrine system of service abnormality» тақырыбында факультативтік сабақ өткізді. Мақсаты: Эндокриндік жүйесі мүшелерінің қызметтерінің бұзылуынан болатын аурулармен таныстыру. Сабақ zoom бұлттық платформасында өтті. Мұғалім онлайн дәрісті YouTube желісіндегі <https://youtu.be/BenVSmBG7wU> материалды және «BIOLOGY» grade 8 оқулығын пайдалана отырып өткізді. Оқушылар дәріске аса қызығушылықпен, белсенділік танытып қатысты. Тақырып бойынша терминдерді қайталау арқылы қорытындыланды.

Алиева Ш., биылғы 2022-2023 жылдан бастап қана информатика пәнінің мұғалімі пәнді толық ағылшын тілінде жүргізеді. Әзірше салыстырмалы түрде мониторинг өткізе алмаймыз. Бірақ пәнге деген қызушылық жоғарылады деп айта аламыз. Оған дәлел, оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі мен білім сапасының жоғарылауы. Алиева Ш.А. 10-сыныпта информатиканы ағылшын тілінде жүргізгенде дәстүрлі сәлемдесу, мекен-жай сөздері қолданылды; мұғалімнің әрекеті ағылшын тілінде айтылды. Сабақтарда пәннің терминологиясы мен ерекшеліктеріне ерекше назар аударылды. Үштілділік бойынша жұмыстың тиімді әдістері қолданылады. Бұл сабақтардың бір ерекшелігі - оқу үрдісіне қатысу үшін топтық жұмысты қолдану, сонымен қатар қашықтықтан форматта өзара оқытуды ұйымдастыру.

Өткізілген ашық сабақтары:

Мемлекеттік стандарт, 2022-2023 оқу жылының әдістемелік нұсқаухаты және нормативтік құжаттармен таныстыру жұмысы болды. Пән бойынша бағдарламалар және тақырыптық күнтізбелік жоспар (ҰМЖ,ОМЖ,ҚМЖ) күнделікті сабақ жоспарын қалай құрастыру құрылымдарымен таныстыртырылды. Жаңартылған бағдарламаның ерекшеліктеріне жеке тоқталып , түсіндіру жұмыстары болды . Кері байланыс , пен рефлексия жасау түсіндірілді Журнал /күнделік талаптарымен таныстырылып толтыру ережесімен таныстырылды. Мектепшілік озық тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатысуын және тәжірибе жинақтау мақсатымен аптасына 2 сабақтан қатысып жүрді.

Оқу процесінің ішінде Оразкүл Мұхтарбекқызы, сондай-ақ кез келген басқа оқытушының сабағына кіріп,тәжірибе алмасып, үйрену үшін сабаққа қатысып отырды.

- оқу – танымдық атмосфера жасау;
- пайдаланылатын оқыту әдістері;
- оқушылардың сабақта жұмыс істеуі;
- сабақтың тәрбиелік жағы;
- мұғалім мен оқушылардың қарым -қатынасын жетілдірді;

Тәлімгер ретінде менде Оразкүлдің сабақтарына қатыстым . Мұғалімнің ең басты қасиеті мейірімділігі , Оразкүлде осы мейірімнің кең молынан бар екендігіне көзім жетті. Оқушыларға бір рет те даусын көтермеді, ылғи да түсіндіру жұмыстарымен айналысып, әр оқушымен жұмыс жасауға тырысып отырды, сабағында көбірек көрнекілік құралдар қолданса және оқу мақсатына жетуге түрлі тиімді әдістер қолданса деген ұсыныс айтылды биология білім сапасын арттыру жоспарларына көп көңіл бөлдім. Үлгерімі төмен оқушылармен жмыс жоспарын бекіттіріп, әр түрлі тапсырмалар берілді.3-тоқсанда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға арналған тапсырмалар құрастырылып, сабақ барысында оқушылардың цифрлық құзыреттілігін арттыруға байланысты әртүрлуі

платформалармен қолдану арқылы сабақ өткізді және оқушылар көбінесе муляждармен түсіндірме сабақтарын жүргізді.

Оразкүл сыныппен тығыз байланыста болып, ата-аналармен ынтымақтаса біледі, сыныппен тәрбие сағаттарын және ашық сабақтар жүргізеді.

1.Өткізілген іс шаралар:

- «Есту мүшесінің құрылысы. Естудің маңызы. Естудің бұзылу себептері» тақырыбында 8 «Ә» сыныбында мектепішілік ашық сабақ.
- 7 – сыныптар арасында «proБио» интеллектуалды жарыс.
- «Тест құрастыру платформаларының қолдану тиімділігі» атты мектепішілік семинар.

2.Ғылыми жобалар: «Ағаштарды не үшін кесу керек?» 7 «А» сынып оқушысы Шакирова Аружан

3.Жетістіктер:

- Қалалық «ProEco» үгіт-насихат тобы байқауында жүлделі ІІІ орын диплом 2022 ж
- Қалалық олимпиада Айтжан Әли ІІІ орын дәрежелі диплом 2022ж.
- Олимп жолы Республикалық олимпиада Ұйқасбаева Аяулым ІІІ орын диплом 2023 ж
- Олимп жолы Республикалық олимпиада Жасуланова Ерке ІІІ орын диплом 2023 ж
- «Qazaq mektebi» әдістемелік-танымдық журналының ұйымдастыруымен педагогтердің біліктілігін арттыру мақсатында өткен Республикалық «Үздік ҚМЖ» байқауында ІІ дәрежелі диплом 2023 ж

4.Басылымдар мен жарияланымдар:

«Qazaq mektebi» әдістемелік-танымдық журналы, Қысқа мерзімді сабақ жоспарлар жинағы №2 (наурыз-сәуір) 2023 ж.

5.Курс және семинарлар:

- 2022 – Инклюзивті білім берудің дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны/AGZHAN/ 80 сағат сертификат
- «Lesson study» сабақты зерттеу әдісі бойынша курс 2022 ж. Сертификат

Мектебімізде әр апта сайын әдістемелік семиналар өтеді.18-інші ақпан күні кезекті семинар өткізді. Семинар тақырыбы «Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын қолдану тиімділігі» семинарды тәлімгерімен бірге өткізді.Семинар мақсаты:Білім сапасын арттыру үшін заманауи білім беру технологияларымен таныстыру арқылы педагогикалық және әдістемелік шеберліктерін арттыру. Педагогтер топпен жұмыс жасай отырып, үш деңгейлік (А,В,С) тапсырмаларды әртүрлі әдіс-тәсілдермен орындады. Практикалық жұмыстар жасалынды.Сабақ барысында оқушылар топқа бөлініп,әртүрлі платформалар қолданылып, видеосабақтар арқылы түсіндірілді.Сабаққа директордың бейіндік оқыту ісі жөніндегі орынбасары-Сопыханова Г.Т мен тәлімгер қатысты. Сабақ талдау барысында оқушыларға жекелей тапсырмаларды беруді, және уақытқа көңіл бөлу, оқушылардың

сабақ барысында еңбек мәдениеті мен сөйлеу мәнерімен жұмыс жасау ұсынылды.

Сыныптағы дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасау жоспары құрылып, іске асуда. Оқу үрдісінде керек материалдарды арнайы папкаға жинақтауды кеңес берілді.. Жас маманның шығармашылық портфолиосы мен оқушылардың портфолиосын жинақтауға бағыт берілді. Оқушыларды бақылау күнделігін жүргізуді бастап, оны іске асыруды қажет еттім. Жас маманға мектеп басшылары жасаған ескерту мен қателіктерді дер кезінде түзетуге көмек жасап, қайта тексеруден өткіздім. Алдағы уақытта жас маманмен жоспарланған жылдық жұмыс жоспары әрі қарай іске асуда.

Келесі оқу жылына қойылатын міндеттер:

1. Жаңартылған білім мазмұны бойынша курстан өту;
2. Тәжірибелі ұстаздардың сабағына қатысу;
3. Оқушылардың білім сапасын арттыру және шығармашыл, құзіретті тұлға қалыптастыруға жағдай жасау.
4. Қалалық пәндік олимпиадаға оқушыларды қатыстырып, нәтеже шығару.
5. Воркшоптарға қатысу.
6. Авторлық бағдарламалар, әдістемелік құралдар мен жинақ, жұмыс дәптерлерін жазу.

Жалпы қорыта келгенде, мұғалім қазірдің өзінде жаңаша әдіс-тәсілдерді, АКТ-ы жақсы меңгерген, сабақ жоспары мен күнтізбелікті жасауды біледі. Оразкүлдің педагогикалық жұмысқа бейімі бар, сыныппен жұмыс істей алады, әр іске жауапкершілікпен қарайды. Келешекте жақсы ұстаз болатынына сенімдімін.

Аттестатталушы педагогтармен жүргізілген жұмыстарға сараптама

2022-2023 оқу жылында біліктілік санаттарын көтеруге 14 өтініш қарастырылды.

- Педагог - зерттеушіге - 4 педагог
- Педагог – сарапшы - 2 педагог;
- Педагог- модератор – 8 педагог;

Жыл бойы аттестаттау комиссиясының 6 отырысы өтті. Бірінші отырыста мұғалімдер аттестаттау ережесімен жаңа талаптарымен және аттестаттауға қажетті құжаттар тізімімен, портфолио талаптарымен таныстырылды. Іс-шаралар кестесі құрылды. Екінші отырыста мұғалімдердің өткізген іс-шараларының қорытындысы мен сабақтың жаңа талдау парағымен, мұғалімдерге жазылған пікірлер талданды. Аттестаттау комиссиясының жұмыс қорытындысы тыңдалды. Аттестацияланушы педагогтар бекітілген кестеге сәйкес ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларын өткізді. Жетістіктер портфолиосын жинақтады. Педагог кадрларды аттестаттау жұмысы өз деңгейде өтті. Өтініш берген барлық педагогтарға сәйкес біліктілік санаты бекітілді.

Педагог кадрларды аттестаттаудың жаңа ережесі бойынша ұлттық біліктілік тест арқылы педагогтардың санаттары анықталатын болды. Педагог кадрлардың біліктілік санаттарын тағайындау, яғни растау үшін жаңа аттестаттауды екі кезеңде жүргізу жоспарланды. Бірінші кезең – «Оқу пәнінің мазмұны» және «Оқу әдістемесі мен педагогика» модульдері бойынша 10 қарашадан 20 желтоқсан аралығына дейін, екінші рет ағымдағы жылдың 1 ақпанынан 10 маусымға дейін жүргізіледі. Ондағы сұрақтардың 70%-ы пәндік білімге және 30%-ы педагогика мен әдістемеге бағытталған. Ал екінші кезең – қызмет нәтижелерінің кешенді талдамалық қорытындысына арналады. Бұл ағымдағы жылдың 15 шілдесіне және 15 желтоқсанына дейін атқарылу тиіс.

Қорытынды:

2022-2023 оқу жылында алға қойылған мақсаттар мен міндеттер шешілді.

Әдістемелік жұмысты талдай келе бірқатар кемшіліктер де кездесті.

- Мектеп бойынша білім сапасы мен білім алушылардың функционалдық сауаттылығы 36,5%
- Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың басымдылығы
- Білім алушылардың тарапынан көшбасшылық және белсенділік танытуға ықылас білдіретін оқушылар санының аздығы
- Мектеп педагогтарының 42% біліктілік санаты жоқ
- Келесі мәселелерді анықтап және тұжырымдауға болады:
- - кейде ұсынылатын оқу материалдары күрделілігі мен көлемділігі жағынан біраз бейімделуді қажет етеді;
- - балалардың қосымша ақпарат іздеу, тілдік құзыреттіліктерін дамыту бойынша жеткіліксіз қалыптасқан дағдылары байқалады
- - Ағылшын тілінде сөйлейтін және тиісті деңгейдегі тиісті сертификаты бар оқытушылар құрамының жетіспеушілігі.

Жоспарға сәйкес атқарылған әдістемелік жұмыстардың қорытындысын сараптай келе төмендегідей ұсынымдар жасалады:

1. Кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында, сондай-ақ білім мазмұнының жаңаруы аясында педагогтарды біліктілікті арттыру және қайта даярлау курстарынан өткізуді жалғастыру;
2. Педагогтардың кәсіби шеберлігін дамытуда әр деңгейдегі байқауларға, ғылыми практикалық конференцияларға қатыстыруды арттыру;
3. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені талдап-қорыту және тарату жұмыстарын әрі қарай жалғастыру;
4. Педагогтардың біліктілік санаттарын көтеру.

**2022-2023 оқу жылы бойынша
дарынды оқушылармен жұмыс есебі**

**Мұғалімнің бүкіл мақтанышы - шәкірттерінде,
өзі шашқан ұрықтарының өсіп-өнуінде.**

Дмитрий Менделеев

Мақсаты: Жан жақты білімді іскер өздік ойлау жүйесі дамыған адамгершілігі жоғары дені сау барынша қабілетті жанды қалыптастыру. Бала дарынының ашылуын өз қабілетіне сәйкестендіре дамыту, жетілдіру. Дарынды балалармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру.

Қазіргі уақытта дарынды балалармен жұмыс істейтін бірнеше жұмыс формалары бар: интеллектуалды сайыстар, зияткерлік пән олимпиадалары, ғылыми – зерттеу жұмыстары, балалардың көркем әдеби шығармашылық конкурстары. Дарынды оқушылармен жұмыс пән мұғалімдерінің ата-аналармен, психологтармен, мектеп әкімшілігімен тығыз байланыс жағдайында өткізіледі. Мектебімізде дарынды балалармен жұмыс жоспарға сәйкес жүргізіледі.

Дарынды оқушыларды іріктеп, олармен мынадай жұмыс түрлері жүргізіледі:

- Дарынды оқушылармен жасалынатын жұмыс түрлері:
1. Баланың қызығушылығына әрі табиғатына қарай ғылыми жұмысқа баулу;
 2. Пәндік олимпиадалық жұмыстарға дайындау;
 3. Қазіргі кезде жақсы дамып келе жатқан дебаттарға, пікір – сайыс яғни интеллектуалды ойындарға дайындау;
 4. Мектептің ғылыми қоғамындағы үйірме жұмыстарын ұйымдастыру.


Дарынды балалармен жұмыс олардың мектепішілік интеллектуалды байқауларға қатысуымен шектелмейді, оқушылардың қалалық, облыстық және республикалық ойындарға қатысуы дәстүрге айналып келеді, оқушыларды олимпиадаға және түрлі зияткерлі сайыстарға қатыстырғанда үздіксіз білім беру жұмысының тиімділігі көрініп тұрады.

Сонымен қатар, дарынды баланы анықтап шығармашылық тұрғыда дамытуға арналған жұмыс түрлері жүргізілді. Атап айтқанда қыркүйек айында мектебімізде «ШЫҢ» ОҒҚ құрылып, мүшелері бекітірілсе, қазан айында дарынды балалар апталығы өткізіледі. Бұл апталықта дарынды балаларға арналған әртүрлі интеллектуалды сайыстар өткізілді.

2022-2023 оқу жылындағы мектеп оқушыларының қалалық, облыстық және халқаралық интеллектуалды олимпиадаларға қатысуы

Олимпиада атауы	Қатысушылар саны	Марапаттау		
		1орын	2орын	3орын
Қалалық пәндік олимпиада 9-11 сынып	15	1	-	2
Облыстық пәндік олимпиада 9-11 сынып	1	-	-	-

Қалалық пәндік олимпиада 5-6 сынып	12	1	1	2
Облыстық пәндік олимпиада 5-6 сынып	1	-	-	-
7 - 8 сынып оқушылары арасындағы Республикалық жасөспірімдер олимпиадасының қалалық кезеңі	16	2		1
Жасөспірімдер олимпиадасының облыстық кезеңі	2	-	-	-
Облыстық математика пәнінен 5 сыныптар арасында өткен «Алтын сақа» олимпиадасы	6	-	-	1
Ә.Ермеков атындағы облыстық олимпиада 7-8 сынып	1	-	-	1
Ә.Ермеков атындағы қалалық олимпиада 9-11 сынып	3	1	-	1
Шоқан Уәлиханов атындағы олимпиада	2	-	-	1
Қалалық тарих пәніне арналған «Менің кіші Отаным» олимпиадасы	2	-	-	-
Қалалық «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының	4	1	-	1
Облыстық «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының	1	-	-	1
Облыстық химия пәнінен ашық XVI олимпиада	1		1	



2022-2023 оқу жылындағы мектеп оқушыларының қалалық, облыстық және халқаралық интеллектуалды байқауларға қатысуы

Оқушының аты-жөні	Байқау атауы	Денгей	Марапат
Талгатова Мерей	«Тіл маржанын теремін» мүшәйра	Қалалық	III орын
	3-11 сынып оқушылары арасында Бүркіт Ысқақұлының поэзиясын мәнерлеп оқу	қалалық	III орын

Дәреғұл Хадиджа	«Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығының ізімен» сурет байқауы	қалалық	I орын
7-8 сынып оқушылары	«Туған өлке сырлары» облыстық аясында «Жас турист» байқауы	қалалық	II орын
Сарманова Сабина	«Күзгі вернисаж»	қалалық	III орын
	«Абай жолы роман эпопеясынан үзінді» мәнерлеп оқу	қалалық	I орын
	«Ақберен» байқауының «Көркем сөз» номинациясы	қалалық	III орын
	«Жұлдызды дода» жас жүргізушілердің шығармашылық байқауы	қалалық	I орын
Өмірбек Темірбек	«Абай жолы роман эпопеясынан үзінді» мәнерлеп оқу	қалалық	I орын
Төлеуқұл Рауан	Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына арналған пікірсайыс	қалалық	«Ең үздік спикер» номинаци ясы
	«Қазақстан біртұтас халқымыз» мәнерлеп оқу сайысы	қалалық	II орын
7А сынып оқушылары	«Ұлтымыздың Ұлы ұстазы» қойылым	қалалық	III орын
Разакова Замира	«Қазына қалдырған қаламгер» эссе байқауы	қалалық	II орын
	«Ақберен» байқауының «Эссе жазу» номинациясы	қалалық	I орын
	«Ақберен» байқауының «Эссе жазу» номинациясы	облыстық	I орын
Мектеп оқушылары (7-9 сынып)	«Күзгі версинаж» шығармашылық өнер байқауы	қалалық	Бас жүлде
Шақман Балнұр	«Қазақстан біртұтас халқымыз» мәнерлеп оқу сайысы	қалалық	III орын
5А сынып оқушылары	«Hand made show» қолөнер байқауының «Күзгі букет» номинациясы	қалалық	I орын
	«Hand made show» қолөнер байқауының «Табиғат шеберханасы» номинациясы	қалалық	II орын

	«Hand made show» қолөнер байқауының «Экологиялық фэн-шуй» номинациясы	қалалық	ІІІ орын
Мектеп оқушылары (9 сынып)	«Кино әлемінде» атты кинофестиваль байқауы	қалалық	І орын
Толеуқұл Рауан, Таласова Алина	Ұлттық пікірсайыс турнирінің қалалық кезеңі	қалалық	І орын
	Мектеп парламентінің мүшелері арасында ұйымдастырылған пікірсайыс турнирі	қалалық	ІІІ орын
	«Magjan CUP-I» пікірсайыс турнирі	қалалық	ІІІ орын
Абай Даниел	«Қауіпсіз интернет» атты бейнероликтер сайысында	қалалық	ІІІ орын
Төлеген Ерасыл	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне және Ақжолтай Ағыбай батырдың 220 жылдығына орай «Ақжолтай Ағыбай батыр» жыр дастандары байқауы	қалалық	Бас жүлде
	Қазыбек Нұржанов атындағы VII аймақтық «Отан үшін жан қиған ер» көркемсөз байқауы	қалалық	Арнайы жүлде
Шакирова Аружан	«Жетістіктер портфолиосы» байқауының «Болашақ мектебінде оқушылардың өзін-өзі басқаруын қалай көремін» атты эссе номинациясы	қалалық	ІІ орын
7-8 сынып оқушылары	«ProEco» экологиялық үгіт-насихат байқауы	қалалық	ІІІ орын
«Жұлдыз» би тобы	«Ақ шағала» хореографиялық фестиваль-байқауының «Халық биі және халықтық стильдегі би» номинациясы	қалалық	ІІІ орын
	«Айгөлек» шығармашылық байқауында «Хореография» номинациясы	қалалық	І орын
Сансызбай Гүлім	«Айгөлек» шығармашылық байқауында «Вокал» номинациясы	қалалық	ІІІ орын
Болатбек Аңсар Ұйқасбаева Аяулым	5-7 сыныптар арасында өткен дебат турнирінде АПФ форматындағы ойын	қалалық	ІІІ орын

Разакова Замира Сарманова Сабина	Мұқағали Мақатаев оқуларының «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды..» номинациясы «Айтып өткен ақында арман бар ма?» номинациясы	қалалық	III орын
7-8 сынып оқушылары	«Жас шежірешілер-2023» байқауы	қалалық	Бас жүлде
	«Жас құтқарушы» байқауы	қалалық облыстық	I орын
Болатбекұлы Аңсар Қарыбекұлы Дінмұхамме д	11-15 жасөспірімдер арасындағы «World Robot Olympiad – 2023» - Дүниежүзілік роботтар олимпиадасы	облыстық	1 орын

2022-2023 оқу жылындағы мектеп оқушыларының қалалық, облыстық конференциялар және зерттеу жұмыстары

Жұмыс атауы	Қатысушылар саны	Марапаттау
Қалалық Ә.Бөкейхан Нұрмұхамедұлына арналған «Әлихан Бөкейхан – Тәуелсіздік жолында» атты ғылыми практикалық конференциясы	2	-
Облыстық ШҒА 7-11 сынып зерттеу жұмыстары	6	-
Республикалық «Зерде» конкурсының облыстық кезеңі	5	-
Облыстық «Жоғарғы математика және мектеп» ХХІХ Аймақтық ғылыми-практикалық конференциясы	1	III орын

Қорытындылай келе, әр жұмыс түрлері талданып, сараптама жасалып отырылды.

Әр дарынды баланың ынтасын, дарындылығын қамти отырып, шығармашылық жұмыстарын таратуға мүмкіндіктер бар.

Туындаған мәселелер:

- Оқушылардың зерттеу жұмысын жазуға белсенділіктерінің аздығы;
- Таңдалған тақырыптың өзекті болмауы;

Мәселелерді шешу жолдары:

- Серіктес жоғары оқу орындарының ұстаздарымен қосымша дәріс ұйымдастыру;
- Мектепшілік "Ғылыми жоба" жазуға бағыттаушы дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізу.

2022-2023 оқу жылының ақпараттандыру жұмысы бойынша жылдық сараптамасы

Білім беруді ақпараттандыру - бұл білім беру жүйесін білім беру мен тәрбиелеу мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған жаңа ақпараттық технологияларды әзірлеу және қолдану теориясы мен практикасымен қамтамасыз ету процесі. Қазіргі білім берудің алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыру үшін мазмұны мен формаларында айтарлықтай өзгерістер ғана емес, сонымен қатар ең озық технологиялар мен оқыту құралдары қажет. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін инновациялық педагогикалық технологияларды, оның ішінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану қажет.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты-жалпы білім алу үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасау, бұл қоғамның әлеуметтік саралануын төмендетуге мүмкіндік береді, азаматтардың әлеуметтік, аумақтық, білім беру ұтқырлығына ықпал ететін болады. Білім беру мекемелерінің компьютерлік және мультимедиялық техникамен толықтығы, мұғалімдердің пайдаланушылық деңгейін көтеру бүгінгі таңда білім беруді жаңа сапаға көшірудің қуатты ынталандырушысы болып табылады. Ақпараттандыру және мультимедиялық технологияларды жекелеген мұғалімдердің оқу үдерісіне енгізудің жеке тәжірибесі туралы айтудан мектептің біртұтас ақпараттық кеңістігін іс жүзінде құруға көшудің нақты мүмкіндігі бар.

2022-2023 оқу жылында мектеп келесі бағыттар бойынша жұмысты жалғастырды:

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, ғылыми-әдістемелік және эксперименттік жұмыстарды жетілдіру;

- Мектеп ұжымының біліктілігін арттыру, мұғалімдерді ақпараттық-коммуникациялық технологияларға үйрету, оларды өз қызметінде пайдалану әдістері бойынша жүйелі жұмыс жүргізу;
- АКТ қолдану арқылы мектепте оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру;
- Мектептің материалдық-техникалық базасын құру және жақсарту.

Мектептің білім беру кеңістігін ақпараттандыру «Мектепті дамыту бағдарламасына» сәйкес жүзеге асырылады. Ақпараттандыру мектептің барлық салаларын жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік берді:

- Мектептің оқу ортасын бағдарламалық-аппараттық ақпараттандыруды жолға қою, вирусқа қарсы профилактика.
- Мектептің веб-сайтын жаңарту.
- Оқыту процесінде АКТ-ны қолдану бойынша мұғалімдерге жеке кеңес беру
- Мұғалімдер мен оқушылар үшін АКТ кабинеттерінде жұмысты ұйымдастыру.
 - Мультимедиялық жабдықты орнату және конфигурациялау.
 - Мультимедиялық жабдықпен жұмыс жасау бойынша мектеп мұғалімдеріне кеңес беру.
 - Мектепті басқарудың автоматтандырылған процесі;

- Электрондық құжат айналымы жүйесі енгізілді;
- Интернеттегі ақпаратқа қолжетімділік қамтамасыз етілді;
- Барлық тиісті құжаттарды қоса алғанда, мектеп қызметі туралы ақпарат беретін мектеп веб-сайты жұмыс істейді.
- Интерактивті жабдықтар мен барлық қолжетімді электронды және цифрлық білім беру ресурстары оқу үдерісіне кезең-кезеңімен енгізілуде;
- Мұғалімдердің қашықтықтан білім алуына қажетті жағдайлар жасалды;
- Білім басқармасымен, оқу әдістемелік орталығымен, мектептермен байланыс және ақпарат алмасу электронды пошта арқылы жүзеге асырылады.
- «Білімал» электронды журналы бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мақсаты:

- жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мектептің бірыңғай ақпараттық кеңістік құруға және оқушылардың арасында ашық ақпараттық қоғам қалыптастыру арқылы білім сапасын арттыру.

2022-2023 оқу жылына қойылған міндеттер:

Оқушыларға дифференциалды оқыту қолдану, пәнге қызығушылығы бар оқушылармен жеке жұмыс жүргізу: информатика пәні қалалық, облыстық, республикалық, тіпті халықаралық деңгейдегі конференция, олимпиада, зерттеу жұмыстары мен байқауларына қатыстырып, нәтижелі орын алуға жұмыс жасау.

1. Информатика пәні бойынша дидактикалық материалды жинақтау мен жүйелеу жұмысын жалғастыру. Оқушылардың компьютермен жұмыс істеу кезінде нормаларын қатаң сақтау. Сабақ барасында кабинетте техника қауіпсіздігі ұйымдастыруын қатаң сақтауды үнемі бақылауда ұстау.
2. Оқу жылында онлайн сабақтардың қалалық және облыстық деңгейде тәрбиелік іс-шаралар, семинар, ашық сабақтарды, тәжірибемен бөлісу жұмыстарын жоспарлап, өткізілуін қамтамасыз ету. Мұғалімдердің тәжірибе тарату құралы ретінде электронды құралдарды, оқулықтарды әзірлеуге тарту.
3. Педагогтардың АКТ саласындағы курстардан өтуін қамтамасыз етуді жалғастыру. Мұғалімдерге интернет-технологияларды білу бойынша шығармашылық алаңының жұмысын жалғастыру.
4. Мұғалімдер мен оқушылардың ІТ саласының түрлі бағыттары бойынша жарыстарға, олимпиадаларға, фестивальдерге белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Балаларға қосымша білім беру үшін қашықтықтан білім беру элементтерін қолдану.
5. ІТ кабинетіндегі материалдық-техникалық базаны жаңарту.
6. Мектептің визиттік карточкасының бір түрі болып табылатын мектеп сайты өзектендіруді жалғастыру.
7. Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің АКТ құзыреттілігінің технологиялық және тәжірибелік деңгейлерін қамтамасыз ету;
8. Пән мұғалімдерінің барынша мүмкін болатын кабинеттеріндегі жұмыс орындарын техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз

етуді жалғастыру. Пайдаланушыларға ақпараттық және техникалық қолдау көрсету.

9. Робототехника кабинетін ұйымдастырып, жұмыс жүргізуді жалғастыру.
10. «Болашақ инженерлер» жобасының жұмысының жалғастыру. Бағыт бойынша курстарға қатысып, оқушыларды байқауларға қатыстыру.

Материалдық-техникалық жабдықтау:

Оқу үдерісінің материалдық-техникалық жабдықталуы қазіргі заманғы талаптарға сай келеді: 2022-2023 оқу жылының соңында біздің мектепте әртүрлі буындардың компьютерлік жабдықтары бар: 138, оның 14-і – 3 кабинетке № 23, № 24, № 24 кабинеттеріне орналастырылды. Оқушылар мен мұғалімдердің бос уақытында ақпарат іздеу қажеттілігі туындаған кезде қолданылады, 60-ы ноутбуктер – лабораторияда сақталып, бастауыш сыныптарында АКТ пәні жүргізілу барысында қолданылады, 10 планшет робототехника кабинетінде, қалғаны мектеп мұғалімдерінің (директор, директордың орынбасарлары, бухгалтерия, хатшы, медблок, психолог және т.б.) жұмысына арналған. Информатика кабинетіне заманауи «ІТ-сынып» берілді. Мектептің барлық сыныптары қажетті техникалық құралдармен жабдықталған: интерактивті тақталар, ПИК. Барлық компьютерлер диагностикадан өтті, қажетті бағдарламалық жасақтама орнатылды: антивирус; архиваторлар; Office бағдарламалық жасақтама пакеті; мультимедиялық қосымшалар.

Мектептің техникалық жағдайы мынадай:

№ 2 мектеп-интернатында кабинеттердің іске қосылуы туралы ақпарат

• Электронды мультимедиялық подиум

Саны	Келген жылы	Түсім көзі	Сомасы
1	2012	Жергілікті бюджет	3 млн. 450 мың. тенге

2021-2022 оқу жылында № 23, 24, 29 оқу кабинеттеріне 16 дербес компьютер берілді.

Саны	КАБИНЕТ	Келген жылы	Түсім көзі	Сомасы
1	Қазақ тілі кабинеті Өзін-өзі тану кабинеті Орыс тілі кабинеті	2014	Жергілікті бюджет	1млн.415 тыс.680 тенге

• Химия кабинеті

Саны	Кабинет	жылы	Түсім көзі
1	Химия кабинеті	2018	ЖБ

Бастауыш сыныптарда ПИК орнатылған

Саны	Құрал-жабдық	Келген жылы	Түсім көзі	Сомасы
	Проектор және			

2	компьютерлік мультимедиалық беру жүйесі	білім	2017	Жергілікті бюджет	725760 теңге
5	Проектор компьютерлік мультимедиалық беру жүйесі	және білім	2018	Жергілікті бюджет	1475040 теңге

2019 жылдың тамыз-қараша айлары аралығында жаңа мультимедиалық жабдық түсті

Саны	Құрал-жабдық	жылы	Түсім көзі
4	Проектор және компьютерлік мультимедиалық білім беру жүйесі	2019	Жергілікті бюджет
1	Технология кабинеті	2019	Жергілікті бюджет
1	Биология кабинеті	2019	Жергілікті бюджет
3	Компьютер	2019	Жергілікті бюджет
1	Робототехника кабинеті	2019	Жергілікті бюджет

2020 жылдың тамыз-қараша айлары аралығында жаңа мультимедиалық жабдық түсті

Саны	Құрал-жабдық	жылы	Түсім көзі
14	Проектор және компьютерлік мультимедиалық білім беру жүйесі	2020	Жергілікті бюджет
60	Ноутбук	2020	РБ
10	Планшет	2020	РБ
41	Компьютер	2020	Жергілікті бюджет

2021-2022 оқу жылында мектебімізге ІТ кабинетке келісімшарт 13 қыркүйек күні жасалып, кабинет толығымен 30 қараша күні орнатылды.

Саны	Құрал-жабдық /кабинет/	жылы	Түсім көзі	Сомасы
1	ІТ кабинет	2021	Жергілікті бюджет	11, 766, 944,00

• Физика кабинеті

Саны	КАБИНЕТ	Келген жылы	Түсім көзі	Сомасы
1	Физика кабинеті	2022	Жергілікті бюджет	8 млн.789,7 мың теңге

Биылғы оқу жылында кабинетке кешенді жоспар құрылып, информатика сабағы толығымен өткізіліп, жаңа технологиямен жабдықталған кабинетте 2022-2023 оқу жылында кабинет базасында 8-9 сыныпқа арналған "Цифрлық технологиялар мектебі" факультатив жүргізілді. Сонымен қатар, әртүрлі іс-шаралар атап айтқанда қалалық, облыстық, республикалық олимпиадалар, ашық сабақтары өтті. Сонымен қатар, testter.kz платформасы арқылы оқушылардың білімі тексерілді. Одан басқа, мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін арттыру мақсатында WorkShop, семинарлар, түрлі конкурстар ІТ кабинетінде өткізілуі, сонымен қатар әр тоқсан сайын оқушылардың білімін тексеру мақсатында testter.kz сайты арқылы тестілеу жұмыстары жүргізілді. ІТ кабинет мектеп оқушыларына

бағдарламалауды үйретуге арналған IT-сынып, графикалық ақпаратпен жұмыс істеуге арналған бағдарламалық жабдықтамада оқушылардың практикалық жұмыстарына арналған кабинет. жастардың цифрлы технологияның тілін жетік меңгеріп, инженерлік-технология бағытында ғылыми-зерттеумен айналысуларына жол берді.

Интернет. Мектептегі интернет жүйесі 2023 жылдың қаңтар айынан бастап «B-tell (БЭГ)» провайдері арқылы жұмыс істей бастады. Жергілікті жүйені орнату арқылы интернетке жақсы, сапалы қолжетімді болды. Интернетке қатынау жылдамдығы – 100 мбт/с.

2022-2023 оқу жылында информатика және цифрлық сауаттылық пәндерінің берілу сараптамасы

АКТ қолдану бойынша мұғалімдердің құзыреттілігі. Информатика саласындағы оқытушылар мен оқушылар қызметінің нәтижелілігі.

Оқушылар арасында АКТ құзыреттілігін қалыптастыру үшін АКТ-ны білім беру процесінде кеңінен қолдану қажет, бұл оқытушылар құрамы арасында АКТ құзыреттілігін қалыптастырмайынша мүмкін емес.

Біздің мектептегі педагогикалық ұжымның АКТ құзыреті қанағаттанарлық деңгейде.

Информатика пән мұғалімдерінің сапалық құрамы

№	Пән мұғалімінің аты-жөні	Педагогикалық еңбек өтілі	Біліктілік санаты
1	Сыздықова Индира Нұртайқызы	Пед, стаж - 8 жыл 7 ай Цифрлық сауаттылық пән мұғалімі ретінде – 4 жыл	Санаты жоқ
2	Алиева Шынар Айбатыровна	15 жыл 4 ай, информатика	сарапшы, 2021 ж.

Информатика пәнінің мұғалімі Алиева Ш.А. 2022-2023 оқу жылында үштілділік технологиясын сабақта қолдана отырып, 10 сынып оқушылармен сабақ барысында оқушылардың тілді түсіну мен қолдануын мүмкіндіктерін арттырды.

2022-2023 оқу жылындағы оқушылар мен мұғалімнің жетістіктері

- 2022 жыл. "Цифрлық әлемге қадамдар" жобасы аясындағы қалалық презентация және фотоколлаждар байқауында **III орын ДИПЛОМ**
- 2022 жыл. Қалалық "Мультипликациялау. Мультфильм жасау" жобасын іске асыру мақсатында ұйымдастырылған 3-5 сыныптар арасындағы сайысында **I дәрежелі ДИПЛОМ**
- 2023 жыл. «Қазақстандағы Код сағаты-2022»
- 2023 жыл. Ашық сабақ 11 «а» сыныбы «IT Startup Crowdfunding платформаларының жұмыс істеуі».
- 2023 жыл. Қалалық бейнероликтер сайысында **III орын диплом Абай Даниел**
- 2023 жыл. Қалалық анимациялар сайысында **II орын диплом Тоқабаяев**

Батырхан, Арманұлы Әлібек.

- 2023 жыл. Қалалық байқау «Шығармашыл ұстаз» сертификат **Алиева Ш.А.**

- 2023 жыл. ҰБТ информатика: **HTML+ CSS+JavaScript** курс оқылды.

2022-2023 оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыстар

№	педагог	Курс атауы	Әдістемелік қызмет	деңгейі
1	Біләл Н. Ж.		«АКТ құзырлеттік» жоспары, «Online Test Pad, Quizlet ойындар мен тесттер жасау қызметтерінің қолдану тиімділігі» воркшоп	Қалалық
2	Коктаева Н. Н.		«АКТ құзырлеттік» жоспары, «Мультимедиялық презентацияларды жасауға арналған Prezi. Powtoon. Piktochart сервистерін қолдану мүмкіндіктері" воркшоп	Қалалық
3	Алиева Ш. А	ҰБТ информатика: HTML+ CSS+JavaScript курс	«Шығармашыл ұстаз» ҚМЖ байқауы, сертификат	Қалалық
			«Код сағаты» акциясы, 5-сынып оқушыларымен «Жасанды интеллект: робот vs адам» танымдық-практикалық сабақ	Мектепішілік
			«Мұғалім жұмысында MS Excel электрондық кестелерін қолдану» семинар-практикум	Мектепішілік
			9-11 сынып оқушылары арасында «IT әлемінде» челлендж	Мектепішілік
			"Цифрлық әлем" апталығы, 7-8 сынып арасында «Сандар жүйесі» тақырыбында викторина	Мектепішілік
4	Сыздықова И.Н.		«Цифрлық әлем» апталығында «Фейк дегеніміз не және ақпаратты қалай тексеру керек?», «Компьютерге тәуелділік, виртуалды әлемге құмарлықтың қаупі» сынып сағаттары	мектепішілік
			"Цифрлық әлем" апталығы 3-4 сынып арасында «Көңілді информатика» ойыны.	мектепішілік
5	Жумабекова А. У. кәсіби бағдарлаушы		«Цифрлық әлем» апталығы «IT саласы күні»	мектепішілік
6	Сағындық Ш. А.		Робототехникадан “Arduino sketch” шебер сынып	мектепішілік
7	Пән мұғалімдері Г.		«Тест құрастыру	мектепішілік

А. Уркен, О. М. Елемес, А. Жаңғазықызы, А. М. Малибекова	платформаларының қолдану тиімділігі» семинар
--	--

Оқушылардың АКТ қолдану құзыреттілігі. Оқушылардың информатика білімі, біліктілігі, дағдыларының қалыптасу нәтижелері мен білім сапасы.

Информатика пәні бойынша 2022-2023 оқу жылы басында қыркүйек айының 6-8 аралығында 5-11 сынып оқушыларынан белгіленген кесте бойынша диагностикалық бақылау алынды.

Мақсаты: Өткен оқу жылындағы білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау.

5-11 сыныптардың кіріс бақылау жұмыстарының қорытындысы

№	Сыныбы	Мұғалімнің аты-жөні	2021-2022 оқу жылының білім сапасы(%)	2022-2023 о.ж. кіріс бақылау жұмысының нәтижесі(%)	Динамикасы (+/-)
1	5	Алиева Ш.А	71	59	-12
2	6	Алиева Ш.А	51	52	+1
3	7	Алиева Ш.А	62	60	-2
4	8	Алиева Ш.А	75	76	+1
5	9	Алиева Ш.А	86	88	+2
6	10	Алиева Ш.А	100	89	-11
7	11	Алиева Ш.А	100	100	0

Қорытынды: тесттер кодтау, шифрлау тапсырмамен, кесінділермен, тесттермен орындалды. Білімдерін тексеру, ақпарат түрлерін және жолдарын айыра білу, ойлау қабілеттерін дамыту.

2022-2023-оқу жылындағы информатика пәні бойынша білім сапасы

№	Сынып	I жарты жылдық	II жарты жылдық	Өсу, кему динамикасы
1	5а	83.3	91	+7,7
2	5ә	61.9	86,3	+24,4
3	6ә	93.3	87,5	+5,8
4	6а	85.7	83,3	-2,4
5	7ә	63.6	75	+11,4
7	7а	42.1	95	+42,9
8	8ә	76.2	80.9	-4,3
9	8а	66.7	100	+33,3
10	9а	83.3	79.17	-4,13
12	9ә	70	78.9	+8,9
13	10а	100	88,9	+10,1

№	Сынып	I жарты жылдық	II жарты жылдық	Өсу, кему динамикасы
14	11a	80	100	0

2022-2023 оқу жылы мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 5-6, 9-11 сыныптарда информатика пәнінің берілуі 10.10 - 18.10 аралығында жүргізілді.

Тексеру мақсаты: информатика пәнінің мемлекеттік стандартта көрсетілген оқытудың мазмұнына, деңгейі мен сапасына сай болуы. Білім сапасын арттырудағы мұғалім жұмысын қадағалау.

Тексеріс бағдарламасы:

Сабақ тақырыбының күнтізбелік жоспарымен, электронды журналмен сәйкестігі

Сабақ түрінің сабақ құрылымына сәйкестігі

Сабақ құрылымының уақытпен бөліну сәйкестігі

Сабақта оқушылармен жүргізілген жұмыс түрі, қолданатын технологиясы.

Ұсынылған мерзім аралығында келесі құжаттар тексерілді:

№	Күнтізбелік-тақырыптық жоспар	+
1	Күнделікті сабақ жоспалары	+
2	Пән бойынша сыныптан тыс іс-шараларды жоспарлау	+
3	Мектепте ашық сабақтар өткізу	+
4	Қала деңгейінде ашық іс-шаралар өткізу	-
5	Мектепшілік олимпиада	+
6	Қалалық олимпиадаларға қатысу	+
7	Пән бойынша ОӘК	-
8	Техника қауіпсіздігі журналының жүргізілуі	+
9	Электронды журналдармен жұмыс	+
10	Кабинет паспорты	+

10.10. 2022 5 «А» сыныбында информатика пәнінен өткен сабағына талдау /мұғалімі Алиева Ш.А. /, 1 топ – 12 оқушы қатысты.

Информатика пәнінен «Ақпаратты цифрлау. Ақпаратты ұсыну» тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақ түрі: Тақырыпты бекіту. Мақсаты: мәтіндік ақпаратты кодтау және декодтау. Кабинет сабаққа дайын – экранда сабақтың тақырыбы мен оның мақсаты көрсетілген. Санитарлық жағдайы қанағаттанарлық: таза, жақсы жарықтандырылған. Сабақтың құрылымы сабақтың тақырыбы мен дидактикалық мақсатына сәйкес келеді. Барлық кезеңдер ретімен өтті. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімі фронтальды шолу сұрақ-жауап арқылы бекітілді. Жаңа тақырыпты түсіндіру мұғалімнің әңгімесі, сабақтың презентациясы арқылы өтті. Жаңа материалды

мұғалім толық, сенімді, қолжетімді етіп түсіндірді, жаңа ұғымдар қалыптасты. Сабақта келесі білім, білік және дағдылар қалыптасты:

- 1) ақпараттық процестер туралы білімдер бекітілді;
- 2) оқушылардың назары қоршаған кодтардың әртүрлілігіне аударылды;
- 3) ақпаратты кодтау рөлі туралы жалпы түсініктер қалыптасты;
- 4) әртүрлі кодтарды пайдаланып ақпаратты кодтау және декодтауды жаттықты. Өткізу әдісі: ішінара-ізденіс, ойын технологиясын қолдаун арқылы әңгімелесу, практикалық тапсырмалар.

Сабақты қорытындылау: Сабақтың мақсатына жетті. Оқушылар бұрыннан бар білімдер негізінде «ақпаратты кодтау» анықтамасын түсіне алды, сөздер мен сөз тіркестерін ерекшелеуді, декодтауды және кодтауды үйренді.

Бұл сабақ «Ақпаратты кодтау» бөліміндегі екінші сабақ және ол алдыңғы «Ақпарат түрлері» бөлімімен тығыз байланысты. Осылайша, бұрын оқылған тақырып пен жаңа тақырып арасындағы байланыс оңай қадағаланады. Оқушылар ақпаратпен жүзеге асырылуы мүмкін әрекеттермен таныс және бұл сабақта адамдар ақпаратты қалай кодтайтынын, ақпарат тасымалдағышта қандай формада сақталатынын толығырақ зерттеді. Мұғалім барлық жоспарланған материалды ұсынды, бүкіл сабақтың жалпы мақсаты орындалды, барлық тапсырмалар сәтті орындалды. Сабақтың мақсаты дифференцияланбаған, сабақта жалпы дифференциация жүргізілмеді, қабілетті және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс түрі жүргізілмеді. Қысқа мерзімді жоспарда көрсетілген тапсырмалардың дескрипторлары, критерийлері оқушыларға ұсынылмады. Сабаққа қатысқан оқушыларға бағалау жүргізілмеді. Үй тапсырмасы уақытында беріліп, мұғалім түсініктеме берді.

Ұсыныстар: Сабақты жоспарға сай өткізіп, тапсырмаларды дифференциациялау, міндетті түрде критерийлер мен дескрипторлар қолдану. Хормен жауап беруге жол бермеу. Сабақтағы тайм-менеджментті сақтау. Үй тапсырмасын таңдаудағы тәсілдерді саралау.

11.10.2022 ж. 6 «А» сыныбында информатика пәнінен өткен сабағына талдау /мұғалімі Алиева Ш.А. /

Информатика пәнінен «Компьютер қалай жұмыс істейді» тақырыбына сабақ өтілді. Сабақ түрі: жаңа сабақ түсіндіру. Мақсаты: Операциялық жүйенің негізгі міндеттерін атап өту. Сабақтың құрылымы сабақтың тақырыбы мен дидактикалық мақсатына сәйкес келеді. Барлық кезеңдер ретімен өтті. Сабақ тақырыбын хабарлау және мақсат қоюдан басталды. Мұғалім сабақты топтық жұмыс арқылы ұйымдастырды. Сабақтың психологиялық көңіл-күйі «Өрмекші торын қыздыру» әдісі арқылы, допты қолдану арқылы өткізілді. Қиылған пазлдардың көмегімен сынып топтарға бөлінді. Үй жұмысын тексеру барысында оқушылардың барлығы белсенді жауап бере алмады.

- Мәліметтер ішкі жадта қалай сақталады?
- Қандай сыртқы жады құрылғыларын білесіз?
- Файл дегеніміз не?

- Ішкі және сыртқы жадты іздеу қалай орындалады?
- Файлдармен қандай операцияларды орындауға болады?

Сабақта әртүрлі жұмыс түрлері қолданылды: фронтальды, топтық, жеке. Фронтальды жұмыс білімді пысықтау, білім алу және оны қолдану кезеңінде жүргізілді - балалар қойылған сұрақтарға жауап берді, өзіндік қорытынды жасады. Жаңа материалды бекіту және үй тапсырмасын түсіндіру кезеңінде топтық жұмыс түрі қолданылды. Жақсы оқитын оқушылар үшін қосымша тапсырмалар құрастырылып, олар сәтті орындалды.

Оқушылардың білімдері мен дағдыларын меңгеруін бақылау келесі формаларда жүзеге асырылды: ауызша – фронтальды зерттеу кезінде және жаңа материалды бекіту уақытында; өзін-өзі бақылау және өзара бақылау – топтық жұмыс кезінде жаңа материалды бекіту кезеңінде; көрнекілік – жаңа материалды бекіту кезеңіндегі тапсырмалардың орындалуын қарау. Оқушылардың іс-әрекетін бағалау фронтальды жұмыстың соңында және сабақтың соңында жеке өзін-өзі бағалауы бойынша жүргізілді.

Сабақты қорытындылау: Мұғалім барлық жоспарланған материалды ұсынды, бүкіл сабақтың жалпы мақсаты орындалды, барлық тапсырмалар сәтті орындалды. Сабаққа қатысқан оқушыларға тиісті ұпайлары берілді, әр ұпайға түсініктеме берілді. Үй тапсырмасы уақытында беріліп, мұғалім түсініктеме берді.

Ұсыныстар: Топтық жұмыстың қағидаларын сақтау. Үй жұмысының орындалуын әр сабақта жүйелі түрде талап ету. Тайм-менеджмент қатаң сақтау.

Жалпы тұжырымдамалар мен ұсыныстар:

- Информатика пәні бойынша оқушылардың білім сапасын көтеру бойынша жұмыс жүргізу, жоғары сыныптарда төмендемеуіне жол бермеуге тырысу, осы мақсатқа жету, келешекте білімін тәжірибеде қолдану үшін, кәсіптік бағдарлау проблемеларын шешу.
- Кабинеттің әдістемелік оқу құрал базасын нығайту бойынша жұмысты жалғастыру /модулдік стенд/.
- Құзіретті педагогика аясында заманауи сабақты одан әрі жандандыру. Оқу пәніне деген уәждемесін арттыру факторы ретінде пәндік апталықтар өткізудің сапасы және пәндер бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру.
- Оқушылардың оқудағы қиындықтары бойынша мониторинг – есеп жүргізу.
- Үй тапсырмасын дифференциациялау. (Мерзімі: тұрақты).
- Оқушының білімін бақылау үшін сынақ технологиясын қолдану. (Мерзімі: тұрақты).
- 5-6 сынып оқушылары үй тапсырмасын орындамағаны туралы ата-аналардың назарын аудару. (Мерзімі: тұрақты).

14.10. 2022 9 «Ә» сыныбында информатика пәнінен өткен сабағына талдау /мұғалімі Алиева Ш.А. /, толық сынып – 19 оқушы қатысты.

Информатика пәнінен «Компьютер құнын есептеу». тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақ түрі: Тақырыпты бекіту. Мақсаты: Компьютерлерді таңдауға қажет негізгі техникалық сипаттамаларын анықтау; Кабинет сабаққа дайын – экранда сабақтың тақырыбы мен оның мақсаты көрсетілген. Санитарлық жағдайы қанағаттанарлық: таза, жақсы жарықтандырылған. Сабақтың құрылымы сабақтың тақырыбы мен дидактикалық мақсатына сәйкес келеді. Барлық кезеңдер ретімен өтті. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімі фронтальды шолу сұрақ-жауап арқылы бекітілді. Жаңа тақырыпты түсіндіру мұғалімнің әңгімесі, сабақтың видео-презентациясы арқылы өтті. Жаңа материалды мұғалім толық, сенімді, қолжетімді етіп түсіндірді, жаңа ұғымдар қалыптасты. Сабақта келесі білім, білік және дағдылар қалыптасты:

1. компьютердің міндетіне қарай конфигурациясын таңдау
2. қолданушының қажеттілігіне байланысты программалық қамтамасыз етуді таңдау
3. электронды кестеде процестердің моделін (физикалық, биологиялық, экономикалық және тағы басқа) өңдеу және ойын технологиясын қолдаун арқылы әңгімелесу, практикалық тапсырмалар.

Сабақты қорытындылау: Сабақтың мақсатына жетті. Оқушылар бұрыннан бар білімдер негізінде «ақпаратты кодтау» анықтамасын түсіне алды, сөздер мен сөз тіркестерін ерекшелеуді, декодтауды және кодтауды үйренді.

Бұл сабақ «Компьютер құнын есептеу» бөліміндегі бірінші сабақ және ол алдыңғы «Компьютердің конфигурациясы» бөлімімен тығыз байланысты. Осылайша, бұрын оқылған тақырып пен жаңа тақырып арасындағы байланыс оңай қадағаланады. Оқушылар ақпаратпен жүзеге асырылуы мүмкін әрекеттермен таныс және бұл сабақта адамдар ақпаратты қалай кодтайтынын, ақпарат тасымалдағышта қандай формада сақталатынын толығырақ зерттеді. Мұғалім барлық жоспарланған материалды ұсынды, бүкіл сабақтың жалпы мақсаты орындалды, барлық тапсырмалар сәтті орындалды. Сабақтың мақсаты дифференцияланбаған, сабақта жалпы дифференциация жүргізілмеді, қабілетті және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс түрі жүргізілмеді. Қысқа мерзімді жоспарда көрсетілген тапсырмалардың дескрипторлары, критерийлері оқушыларға ұсынылмады. Сабаққа қатысқан оқушыларға бағалау жүргізілмеді. Үй тапсырмасы уақытында беріліп, мұғалім түсініктеме берді.

Ұсыныстар: Сабақты жоспарға сай өткізіп, тапсырмаларды дифференциациялау, міндетті түрде критерийлер мен дескрипторлар қолдану. Хормен жауап беруге жол бермеу. Сабақтағы тайм-менеджментті сақтау. Үй тапсырмасын таңдаудағы тәсілдерді саралау.

18.10.2022 ж. 10 «А» сыныбында информатика пәнінен өткен сабағына талдау /мұғалімі Алиева Ш.А. /

Информатика пәнінен «Мәтіндік ақпаратты кодтау принциптері» тақырыбына сабақ өтілді. Сабақ түрі: жаңа сабақ түсіндіру. Мақсаты: Unicode және ASCII символдарын кодтау кестесін салыстыру. Сабақтың құрылымы

сабақтың тақырыбы мен дидактикалық мақсатына сәйкес келеді. Барлық кезеңдер ретімен өтті. Сабақ тақырыбын хабарлау және мақсат қоюдан басталды. Мұғалім сабақты топтық жұмыс арқылы ұйымдастырды. Сабақтың психологиялық көңіл-күйі «Өткеншек» әдісі арқылы, допты қолдану арқылы өткізілді. Қиылған пазлдардың көмегімен сынып топтарға бөлінді. Үй жұмысын тексеру барысында оқушылардың барлығы белсенді жауап бере алмады.

«Миға шабуыл» әдісі

- «Код», «шифр» дегенді қалай түсінеміз?
- Шифрлау немесе кодттаудың өмірде қандай маңызы бар?
- Қай салаларда қолданылады?
- Бұл терминдердің компьютерге қандай қатысы бар?

Сабақта әртүрлі жұмыс түрлері қолданылды: фронтальды, топтық, жеке. Фронтальды жұмыс білімді пысықтау, білім алу және оны қолдану кезеңінде жүргізілді - балалар қойылған сұрақтарға жауап берді, өзіндік қорытынды жасады. Жаңа материалды бекіту және үй тапсырмасын түсіндіру кезеңінде топтық жұмыс түрі қолданылды. Жақсы оқитын оқушылар үшін қосымша тапсырмалар құрастырылып, олар сәтті орындалды. Оқушылардың білімдері мен дағдыларын меңгеруін бақылау келесі формаларда жүзеге асырылды: ауызша – фронтальды зерттеу кезінде және жаңа материалды бекіту уақытында; өзін-өзі бақылау және өзара бақылау – топтық жұмыс кезінде жаңа материалды бекіту кезеңінде; көрнекілік – жаңа материалды бекіту кезеңіндегі тапсырмалардың орындалуын қарау. Оқушылардың іс-әрекетін бағалау фронтальды жұмыстың соңында және сабақтың соңында жеке өзін-өзі бағалауы бойынша жүргізілді.

Сабақты қорытындылау: Мұғалім барлық жоспарланған материалды ұсынды, бүкіл сабақтың жалпы мақсаты орындалды, барлық тапсырмалар сәтті орындалды. Сабаққа қатысқан оқушыларға тиісті ұпайлары берілді, әр ұпайға түсініктеме берілді. Үй тапсырмасы уақытында беріліп, мұғалім түсініктеме берді.

Ұсыныстар: Топтық жұмыстың қағидаларын сақтау. Үй жұмысының орындалуын әр сабақта жүйелі түрде талап ету. Тайм-менеджмент қатаң сақтау.

11.10. 2022 11 «А» сыныбында информатика пәнінен өткен сабағына талдау /мұғалімі Алиева Ш.А. /, толық сынып – 10 оқушы қатысты.

Информатика пәнінен «MS Excel кестелік процессорындағы деректерді интеллектуалды талдау үшін, нейрондық желілерді жобалау және мәшинелік оқыту алгоритмін қолдану». тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақ түрі: Тақырыпты бекіту. Мақсаты: Дайын алгоритм бойынша электронды кестелерде/математикалық модельдеу программаларында нейрондық желіні жобалау дайын алгоритм бойынша электронды кестелерде/математикалық модельдеу программаларында нейрондық желіні жобалау. Кабинет сабаққа дайын – экранда сабақтың тақырыбы мен оның мақсаты көрсетілген. Санитарлық жағдайы қанағаттанарлық: таза, жақсы жарықтандырылған. Сабақтың құрылымы сабақтың тақырыбы мен дидактикалық мақсатына

сәйкес келеді. Барлық кезеңдер ретімен өтті. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімі фронтальды шолу сұрақ-жауап арқылы бекітілді. Жаңа тақырыпты түсіндіру мұғалімнің әңгімесі, сабақтың видео-презентациясы арқылы өтті. Жаңа материалды мұғалім толық, сенімді, қолжетімді етіп түсіндірді, жаңа ұғымдар қалыптасты. Сабақта келесі білім, білік және дағдылар қалыптасты:

1. Нейрондық желілерді жобалау және мәшинелік оқыту алгоритмін қолдану
2. Электрондық кестелерде нейрондық желіні жобалайды;
3. Дайын алгоритм бойынша нейрондық желіні жобалайды;

ойын технологиясын қолдаун арқылы әңгімелесу, практикалық тапсырмалар.

Сабақты қорытындылау: Сабақтың мақсатына жетті. Оқушылар бұрыннан бар білімдер негізінде «ақпаратты кодтау» анықтамасын түсіне алды, сөздер мен сөз тіркестерін ерекшеленуді, декодтауды және кодтауды үйренді.

Бұл сабақ «MS Excel кестелік процессорындағы деректерді интеллектуалды талдау үшін, нейрондық желілерді жобалау және мәшинелік оқыту алгоритмін қолдану». Бөліміндегі екінші сабақ және ол алдыңғы MS Excel – дегі нейрондық желіні жобалау бөлімімен тығыз байланысты. Осылайша, бұрын оқылған тақырып пен жаңа тақырып арасындағы байланыс оңай қадағаланады. Оқушылар ақпаратпен жүзеге асырылуы мүмкін әрекеттермен таныс және бұл сабақта адамдар ақпаратты қалай кодтайтынын, ақпарат тасымалдағышта қандай формада сақталатынын толығырақ зерттеді. Мұғалім барлық жоспарланған материалды ұсынды, бүкіл сабақтың жалпы мақсаты орындалды, барлық тапсырмалар сәтті орындалды. Сабақтың мақсаты дифференциацияланбаған, сабақта жалпы дифференциация жүргізілмеді, қабілетті және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс түрі жүргізілмеді. Қысқа мерзімді жоспарда көрсетілген тапсырмалардың дескрипторлары, критерийлері оқушыларға ұсынылмады. Сабаққа қатысқан оқушыларға бағалау жүргізілмеді. Үй тапсырмасы уақытында беріліп, мұғалім түсініктеме берді.

Ұсыныстар: Сабақты жоспарға сай өткізіп, тапсырмаларды дифференциациялау, міндетті түрде критерийлер мен дескрипторлар қолдану. Хормен жауап беруге жол бермеу. Сабақтағы тайм-менеджментті сақтау. Үй тапсырмасын таңдаудағы тәсілдерді саралау.

Жалпы тұжырымдамалар мен ұсыныстар:

- Негізгі жалпы білім беру деңгейінде «Информатика» пәнін оқудың пәндік нәтижелері білім беру жағдайлары мен нақты өмірлік жағдайларда білім, білік және дағдыларды қолдануға бағыттау;
- ақпараттық мәдениетті қалыптастыру – адамның қазіргі жоғары технологиялық ақпараттық қоғамдағы өмірге және қызметке дайындығы, осы қоғамның мүмкіндіктерін тиімді пайдалану және оның теріс әсерінен өзін қорғау бойынша білімдерін тереңдету;
- 9-11 сынып оқушылары оқытылатын бағдарламалау тілінде (Pascal, Python, Java, C, C#, C++) қарапайым деректерді өңдеу алгоритмін

жазуды, пайдаланылған бағдарламалау ортасында алынған бағдарламаны жөндеу және орындауды білуді жетілдіруді жалғастыру

- Информатика саласындағы білімді тереңдетуге (бейіндік дайындық және кәсіптік бағдарлау) қызығушылықты қалыптастыруды қолға алу.
- Кабинеттің әдістемелік оқу құрал базасын нығайту бойынша жұмысты жалғастыру /модулдік стенд/.
- Қүзіретті педагогика аясында заманауи сабақты одан әрі жандандыру. Оқу пәніне деген уәждемесін арттыру факторы ретінде пәндік апталықтар өткізудің сапасы және пәндер бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру.
- Оқушылардың оқудағы қиындықтары бойынша мониторинг – есеп жүргізу.
- Ұй тапсырмасын дифференциациялау. (Мерзімі: тұрақты).
- Оқушының білімін бақылау үшін сынақ технологиясын қолдану. (Мерзімі: тұрақты).
- Мұғалімнің тәжірибесін тарату мен жалпылау мақсатында қалалық, облыстық воркшоптар өткізу.

Бастауыш сыныптарында «Цифрлық сауаттылық» пәнінің берілу жағдайы қараша айында жүргізілді.

Мақсаты: ЦС пәні бойынша 3-4 сынып оқушыларының дайындық деңгейінің міндетті деңгейіне қойылатын талаптардың орындалуын тексеру, мұғалімнің білім, білік дағдыларын бақылау мен бағалаудағы, практикалық дағдыларды қалыптастырудағы жұмыс жүйесін зерделеу.

Критерийлер

- Бағдарламалық материалдың өтуі;
- Мұғалімнің ғылыми, теориялық және әдістемелік деңгейі
- Оқу сабақтарын ұйымдастыруға белсенді көзқарас;
- Арнайы және практикалық дағдыларды қалыптастыру әдістері мен әдістерінің тиімділігі;
- АКТ қолдану тиімділігі;
- Үлгерімі төмен оқушылардың мотивациясын арттыру.

Бақылау әдістері:

- Сабаққа қатысу арқылы бақылау;
- мектеп құжаттарын зерттеу (журналдар, бағдарламалар, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сабақ жоспарлары);
- Оқу кабинетінің техникалық санитарлық жағдайын тексеру;

Бастауыш сыныптарында ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәнін Сыздыкова И. Н. жүргізеді. Педагогикалық еңбек өтілі – 8 жыл, оның ішінде 3, 4 сыныптарға информатикадан сабақ беру тәжірибесі – 4 жылдан асады. Біліктілік санаты – жоқ.

Мұғалімнің пән бойынша құжаттары тексерілді. Және құжаттарының электронды журналдармен сәйкестігі тексерілді. Кабинеттің жағдайы айтатын болсақ, кабинет лаборантымен бірге техника қауіпсіздігі мен

компьютерлерді жұмыс жағдайына келтіріп қойды. Кабинеттің санитарлық жағдай нормаға сай.

Бақылау барысында екі сабаққа қатысу жүргізілді. Бірінші сабақ – 4 «Ә» сыныбында 26.11 күні қатысу жүргізілді. Сабақтың тақырыбы: «Ультрадыбыс датчигі. Лабиринттен шығу» робототехника модулі. Оқушылар үшін жаңа модуль. Сабақта ұйымдастыру кезеңі жүргізілген жоқ. Сабақтың структурасы сақталған жоқ. Сабақ барысында мұғалім бір сабақ бойы барлық балаларды бір топқа жинап алып, балаларға ультрадыбыс датчигі туралы түсіндіру жұмысын жүргізді. Сабақта робототехниканың жинағымен ғана жұмыс жүргізілді. Ешқандай көрнекілік, слайд, сөздік жұмысы жүргізілген жоқ. Оқушылар сабаққа жұмыс дәптеріне тапсырма орындап келуі керек болатын, ол да толық емес. Себебі оқушылар алдыңғы тақырыпта түсінбегені сезілді. Сабақтан соң мұғалімге ұсыныстар жасалып, келесі сабаққа қатысу жүргізілетіні туралы айтылды.

Дәл осы тақырып бойынша 28.11 4 «А» сыныбына қатысу жүргізілді. Мұғалімнің дайындалып келгені көрінді. Сабақта презентация, психологиялық дайындық, топпен жұмыс, сергіту сәті ұйымдастырылды. Айтылған ұсыныстар орындалып, сабақ структурасы сақталды. Оқушыларға жаңа тақырып болған соң – сабақта сөздік жұмысы жүргізілуі тиіс. Сабақта балалар датчик, ультрадыбыс, әр түрлі датчик түрлерін қате айтып жатқаны да содан. Бірақ ондай жұмыс жүргізілген жоқ. Сабақ құрылымы сақталғанымен, тапсырмалар берген кезде мұғалім орындалуына берілетін уақытын айтпайды. Сонымен қатар, сабақта формативті бақылау жүргізілмеді. Сабақ соңында балалар тақырыпты толық түсінбегені сезілді.

Бастауыш сыныптардың ЦС берілуі деңгейі қанағаттанарлық деңгейде. Мұғалімге әдістемелік көмек көрсетіліп, біліктілігін арттыру бойынша курстарға қатысуға ұсыныс жасалды.

Өзекті тақырыптарға байланысты семинар, ата-аналар жиналысы, педагогикалық кеңес, өткізу, баяндама, ақпарат дайындау, өткізу. Мектепшілік семинарлар өткізіліп, педагогикалық кеңестер мен жиналыстарда баяндамалар оқылды. Ата-аналарға кеңестер берілді. Атап айтсақ:

1. Бастауыш сыныптарында АКТ пәнінің берілу жағдайы, директор жанындағы кеңес
2. «Білімал» базасында ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу.
3. ҰББДҚ (НОБД) толтыру жұмыстары
4. «Электрондық журнал» бойынша мұғалімдерге оқу семинарларын жүргізіп, кеңес беру
5. АКТ құрылғылары бар және робототехника кабинеттерінің жағдайы, директор жанындағы кеңес
6. «Білімал» электронды жүйесіндегі сынып журналдарының жүргізілу сапасы. Ата-аналардың оқушылардың білімін бақылау мониторингісі, директор жанындағы кеңес

7. «Білімал ЭЖ» бойынша атқарылған жұмыстар есебі, директор жанындағы кеңесте.
8. «Әлеуметтік желілердің бала психикасына кері әсері», ата-аналар жиналысы
9. «Мұғалімдердің электрондық журналдарды жүргізу белсенділігін бақылау»
10. «Оқушылардың өткізілетін байқаулар мен олимпиадаларға қатысуына сарптама, мониторинг жасау» директор жанындағы кеңесте.
11. «Мұғалімдердің электрондық журналды жүргізу белсенділігін бақылау» директор жанындағы кеңес.

«АТ ЖӘНЕ АКТ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ» тақырыбындағы шығармашылық алаңы жұмыс жасады. Ай сайын мектеп ішінде түрлі форматтарда семинар, шебер сыныптар ұйымдастырылды. Одан басқа қала мектептері арасында каникул кездерінде де семинарларға қатысып, пән мұғалімдері білімдерін жетілдірді.

Шығармашылық алаңның мақсаты - білім сапасын арттыру үшін мұғалімнің АТ және АКТ құзыреттілік деңгейін арттыру.

Міндеттері:

- АТ және АКТ құзыреттілігінің қолданыстағы деңгейін және мұғалімдердің оны жетілдіру қажеттіліктерін зерттеу;
- Мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету жоспарын ұсыну;
- АТ-ны қолдануға оң мотивация қалыптастыру;
- Цифрлық технологияларды қауіпсіз пайдалануды үйрету.

№	Шығармашылық топтың іс-әрекеті	Мерзімі	Жауапты
1.	«Мұғалім жұмысында MS Excel электрондық кестелерін қолдану» семинар-практикум	Қыркүйек	Алиева Ш. А.
2.	«Мұғалім жұмысындағы бұлтты серверлер: Яндекс диск, Google фото және т.б.» мастер-класс	Қазан	Ахметова Д. Д.
3.	Цифрлық технологияларды қолданудағы қиындықтарды жою бойынша педагогтермен жеке жұмыс жүргізу		Рахимберлина Н С.
4.	Презентация бағдарламасының қосымша мүмкіндіктері: схемалар, басқару элементтері, гиперсілтемелер	Қараша	Аманбекова Г. М.
5.	<ul style="list-style-type: none"> • «Ойындар мен тесттер жасау қызметтері» Online Test Pad, Quizlet. Практикум 	Желтоқсан қалалық	Біләл Н. Ж.
6.	<ul style="list-style-type: none"> • Мультимедиялық презентацияларды жасауға арналған сервистер /Prezi. Powtoon. Renderforest. Zoho. Emaze. Piktochart/ 	Қаңтар қалалық	Коктаева Н. Н.
7.	Google формалары: қалай құру керек және жұмыста қалай қолдану керек	Ақпан	Уркен Г. А. Елемес О. Малибекова А. Жанғазықызы А.

8.	«Бағдарламалардың барлық мүмкін болатын функциялары мен құралдарын қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларымен интерактивті сабақты жетілдіру» ӘБ шығармашылық есебі	Наурыз Бастауыш сыныптар ӘБ	Біләл Н. Ж. ӘБ мұғалімдері
9.	«Бағдарламалардың барлық мүмкін болатын функциялары мен құралдарын қолдана отырып, жаратылыстану-математикалық пәндерін оқытуда интерактивті сабақты жетілдіру» ӘБ шығармашылық есебі	Сәуір Жаратылыс тану ӘБ	Хамитова С. К. ӘБ мұғалімдері
10.	«Бағдарламалардың барлық мүмкін болатын функциялары мен құралдарын қолдана отырып, қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытуды интерактивті сабақты жетілдіру» ӘБ шығармашылық есебі	Мамыр Гуманитарл ық пәндер ӘБ	Есимбекова А. Т. ӘБ мұғалімдері

2022-2023 оқу жылында робототехника факультативінің берілуі

Робототехника зертханасы 2019 жылдың қыркүйегінде ашылды. Робототехниканы оқытудың негізгі мақсаты – өз бетінше оқу мақсаттарын қоя алатын, оны жүзеге асыру жолдарын жобалай алатын, жетістіктерін бақылай алатын және бағалай алатын, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасай алатын, оларды саралай алатын және осының негізінде өзіндік тұжырым жасай алатын тұлғаны қалыптастыру.

Инженерлік бағыттағы мамандардың жеткіліксіздігі мен сәйкес білім деңгейінің қажетті деңгейде болмау мәселесінің шешімі роботтарды құрастыру, басқару, бағдарламалау саласындағы заманауи білім беру болып табылады.

Робототехника кабинеті

Саны	КАБИНЕТ	Келген жылы	Түсім көзі	Сомасы
1	Робототехника кабинеті	2019	Жергілікті бюджет	4 800 000

Бар жинақ атауы	Саны	Жоспар	
		Жинақ атауы	саны
Arduino	10	NXT	1
EV3	4	EV3	2
RoboRobo	3		

2022-2023 оқу жылында оқу бағдарламасы бойынша робототехника факультативіне жеке сағат бөлінген жоқ. 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап, М. Русаков атындағы мектеп-интернатында робототехникадан лаборанттық сағат есебінен «Robopolis» атауымен факультатив курсы өткізілді. Сыныптан тыс жұмыс бағдарламасының педагогикалық мақсатқа сәйкестігіне баса назар аударылған. Робототехникадан «Robopolis» атауымен факультатив курсына 5 пен 10 сыныптардан ерікті түрде 10 оқушы іріктеліп алынды. Курс аптасына әр топқа 1 сағаттан жүргізілді. Курс жетекшісі: Сағындық Ш. А.

Робототехника курсының жұмыс кестесі

Топ	Өткізілу күні	Уақыты
-----	---------------	--------

«Robopolis-1»	5-6 сынып	Бейсенбі	14:30-15:30
«Robopolis-2»	7-8 сынып	Сейсенбі	14:30-15:30
«Robopolis-3»	10 сынып	Сейсенбі	15:30-16:30

2022-2023 оқу жылында өткізілген шаралар тізімі:

2023 жылдың 10 ақпанында 10 сынып оқушыларына «Цифрлық әлем» тақырыптық апталығының жоспарына сай «Arduino Sketch» шебер-сабағы өткізілді. Мақсаты: Эскиздердің қалай жұмыс істейтінін және олардың Arduino-ға жүктелуін демонстрациялау. Оқушылар көптеген білім алып, практика жүзінде де қолдана білді. Оқушылар практикада әртүрлі кернеудегі жарық диодтарды жандыру жұмыстарын жасады.

2022-2023 оқу жылында қатысқан конкурстар тізімі:

2023 жылдың 22 сәуірінде өткен «Roboland-2023» Робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялардың VIII Халықаралық фестивалі қорытындысы бойынша 10 «А» сынып оқушысы Рахманберліұлы Бекзат – сертификат, 7 «А» сынып оқушылары – Болатбекұлы Аңсар, Қарыбекұлы Дінмұхаммед топтық жарыста – 3 орын иеленді.

2023 жылдың 28 мамыр күні Караганды қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебінің базасында «World Robot Olympiad - 2023» – Дүниежүзілік роботтар олимпиадасының аймақтық іріктеу кезеңі өтті. Балқаш қаласы Михаил Русаков атындағы мектеп-интернатының “Samurik” командасы “Future Innovators” номинациясында 11-15 жасөспірімдер арасында 7 «А» сынып оқушылары Кәрібекұлы Дінмұхаммед, Болатбекұлы Аңсар 1-орынды иеленіп, сайыстың республикалық кезеңіне жолдама алды.

Апталықтар мен декадалардың өткізілуі. Информатика пәні жаратылыстану-математика бағытындағы әдістемелік құрамында және жеке «Цифрлық әлем» апталығы ретінде өткізілді.

«Цифрлық әлем» ақпараттық сауаттылықты дамыту апталығы 2023 жылдың 6-10 ақпан аралығында өтті.

Мақсаты:

Информатика пәні бойынша білімді жалпылау және жүйелеу, оқушылардың информатика, ақпараттық мәдениетке танымдық қызығушылықтарын дамыту.

Апталық бойынша жоспар құрылып, өткізілуі туралы мектептің әлеуметтік желілердегі парақшалар мен мектептің ресми сайттарына екі түрдегі бейне афиша жасалып, орналастырылды.

Апталық бойынша түрлі іс-шаралар жоспарланып, жақсы дайындықпен өткізілді. Атап айтатын болсақ:

№	Іс-шара	Өткізу нысаны	Мақсатты аудитория	жауапты тұлғалар	күні
1.	Интернет туралы таңғажайып фактілер.	Ақпараттық стенд дайындау		Алиева Ш. А. Сыздықова И. Н.	06.02

	Тапсырмалары бар QR-кодтар				
2.	«Интернеттің даму тарихы. Интернеттің қауіп қатері».	сынып сағаты	2-4 сынып	Сопыханова Г. Т. Елеубекова А. Б. Аманбекова Г. М.	07.02
3.	«Мен және әлеуметтік желілер».	сынып сағаты	5-6 сынып	Құрмаш А. Е. Есимбекова А. Т.	07.02
4.	«Фейк дегеніміз не және ақпаратты қалай тексеру керек?»	сынып сағаты	7-8 сынып	Каракбаева М. М. Коктаева Н. Н. Жаксыгелдин И. Т	07.02
5.	«Компьютерге тәуелділік, виртуалды әлемге құмарлықтың қауіпі»	сынып сағаты	9-11 сынып	Хамитова С. К. Ахметова Д. Д. Нукербекова К. И.	07.02
6.	«Көңілді информатика» викторинасы	Интеллектуалды ойын	3-4 сынып	Сыздықова И. Н.	08.02
7.	«Сандар жүйесі» викторинасы	Интеллектуалды ойын	7-8 сынып	Алиева Ш. А.	08.02
8.	«IT әлемінде»	челлендж	9-11 сынып	Алиева Ш. А., Сыздықова И. Н.	08.02
9.	«IT саласы күні» /IT саласындағы мамандарымен, осы мамандарды дайындайтын колледж, ЖОО өкілдерімен кездесу/	Кәсіптік бағдарлау	9-11 сынып	Жумабекова А. У.	09.02
10.	«Әлеуметтік желілерде қандай проблемалар болуы мүмкін?» ақпараттық сағаты	Психологпен әңгіме	5-11 сынып	Асылханова Ә. А.	09.02.
11.	Робототехника. Arduino sketch.	Шебер-сынып	үйірме оқушылары	Сағындық Ш. А.	10.02
12.	«Google формалары: қалай құру керек және жұмыста қалай қолдану керек» мұғалімдерге арналған мектепшілік семинар	Семинар	педагогтер	Уркен Г. А. Елемес О. Малибекова А. М. Жаңғазықызы А.	10.02

13.	«Цифрлық әлем» дайджест	Апталық қорытындысы бойынша бейнедайджест	Алиева Ш. А., Сыздыкова И. Н.	10.02
-----	-------------------------	---	-------------------------------	-------

Осы іс-шараларды саралай келе, пән апталығын өткізу мектеп курсында информатиканы тереңдетіп оқытуға ғана емес, сонымен қатар оқушылардың жеке қасиеттерін дамытуға, олардың ақыл-ой әрекетін белсендіруге ықпал ететінін атап өткен жөн. Оқушылардың бойында оқуға, одан әрі өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге ішкі мотивтердің пайда болуы, мұғалім мен оқушының жақындасуына ықпал етеді. Осылайша, информатика апталығы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін, информатика және АКТ пәніне деген қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етті.

Мектеп сайтының жүйелі жаңартылуы. Мектеп жаңалықтарының апта сайынғы жариялануы. Мектеп ӘБ, мектеп сыныптарының жеке беттерін құру, мектептің байқауларға қатысқан жұмыстарын, т.б. орналастыру.


Мектеп сайты бұл:

- Интернеттегі ұйымның ресми өкілдігі.
- Пайдаланушылары білім беру процесінің барлық қатысушылары болып табылатын ақпараттық ресурс.
- Дүние жүзінің кез келген жерінен кез келген адамға қолжетімді ресурс.
- Тәулігіне 24 сағат ашық ресурс.
- Көптеген адамдар үшін бір уақытта қолжетімді ресурс.

2022-2023 оқу жылының басынан көптеген материалдар сайт бетіне және әлеуметтік желіге жүйелі түрде, өзектілігін жоғалтпай уақытында орналастырылды. Мектеп парақшасында жаңадан дәрежелер ашылып, тиісті мәліметтермен толықтырылды. Әр айдың соңында барлық бөлімдері тексеріліп, анықтама жазылып, бөлімдер бойынша ақпарат ұсынатын бөлімдерге ұсыныс түрінде жіберіледі. Қалалық білім бөлімі тарпынан тұрақты жоспар бойынша да мониторинг жүргізіледі.

Жыл	2021	2022	2023
Мердігер	«Finist» Павлодар	«Finist» Павлодар	«Beles» Шымкент

Мектеп сайтының 3 жыл мониторингісі /материал енгізілу бойынша/



Қорытынды: 2022-2023 оқу жылының басынан көптеген материалдар сайт бетіне және әлеуметтік желіге жүйелі түрде, өзектілігін жоғалтпай уақытында орналастырылды. Мектеп парақшасында жаңадан дәрежелер ашылып, тиісті мәліметтермен толықтырылды. Әр айдың соңында барлық бөлімдері тексеріліп, анықтама жазылып, бөлімдер бойынша ақпарат ұсынатын бөлімдерге ұсыныс түрінде жіберіледі. Қалалық білім бөлімі тәрпынан тұрақты жоспар бойынша да мониторинг жүргізіледі. 2023 жылдың сәуір айынан бастап, баға ұсыну саясатына байланысты мектеп сайтына Шымкнт қ. «Beles» ЖШС техникалық қызмет көрсету мен қолдау жүргізеді, «Финист» ЖШС 15.03 бастап сайтқа шектеу қойып, қазіргі таңда қолжетімді емес.

АСУ «Білімал. Электронды мектеп» жүргізілуі туралы ақпарат.

Жыл басынан жаңадан бұйрық шығарылып, педагогикалық ұжым электронды журнал ережесімен қайтадан танысып, бұйрықпен танысты.

2022 – 2023 оқу жылында «Білімал» электрондық жүйесінде оқушылар мен ата-аналарға бекітілген логиндары мен құпия сөздері қайтадан таратылып берілді. Ол әкімшілік тарапынан мұқият қадағаланып отырды. «Білімал» жүйесінде жұмыс істеуге барлық мүмкіндік жасалған. Мұғалімдерге GradeApp және оқушыларға Edu-mark мобильді қосымшалары арқылы да жұмыс істеу ыңғайлы. Ол да өз септігін тигізді. Жалпы барлық мұғалімдердің электрондық журналдармен жұмыс істеу дағдылары жоғарылаған. Күнделікті кеңес-консультациялар, мектепшілік семинарлар өткізіліп тұрды. «Білімал» қолдау қызметімен бірлесіп, жұмыс жасаудамыз. Жүйелі жұмыс арқасында қиындықтарды жеңе білдік.

Қауіпсіз интернет

Оқушылар пайдаланатын компьютерлеге интернетті қауіпсіз пайдалану үшін интернеттің жағымсыз сайттарына кіру шектеліп тосқауыл қойылған. Ата-аналарға, оқушыларға интернеттің қауіпті болуы, және одан сақтану жолдары жыл басында және жыл ортасында ата-аналар жиналысында, лездемеде айтылып, ақпараттық парақшалар таратылып, сауалнамалар алынды.

Жыл бойы қауіпсіз интернет бағыты бойынша өткізілген іс-шаралар:

- 6 қазан күні 7 «Ә» сыныбында «Қауіпсіз Интернет» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру. Сабақ түрі: пікірталас.
- 23 желтоқсан күні білім бөлімінің ұйымдастыруымен облыстық «Web-мастер» жобасын іске асыру мақсатында 5-6 сынып оқушылары арасында «Қауіпсіз интернет» атты қалалық бейнероликтер сайысы өтті. Байқаудың мақсаты: оқушылардың интернет туралы толық ой қалыптастыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу. Байқауға қала мектептерінен 25 оқушы қатысып, байқау комиссиясының шешімі бойынша Михаил Русаков атындағы мектеп-интернатының 6 "А" сынып оқушысы Абай Даниел III дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Шынар Айбатыровна Алиева.
- "Цифрлық әлем" ақпараттық сауаттылықты дамыту апталығы аясында, 7 ақпанда сынып жетекшілері сынып сағаттарын ұйымдастырып өткізді. Өткізілген сынып сағаттарының мазмұны «Интернеттің даму тарихы. Интернеттің қауіп қатері», «Мен және әлеуметтік желілер», «Фейк дегеніміз не және ақпаратты қалай тексеру керек?», «Компьютерге тәуелділік, виртуалды әлемге құмарлықтың қаупі» тақырыптарын қамтыды. Оқушылар ұсынылған тақырыптар аясында өз білгендерімен бөлісіп, қосымша ақпарат алды. Сынып жетекшілері сабақтарды дебат, ойын, сауалнама, баяндама оқу, тағы да басқа форматта өткізіп, кластер қорғау, топтық жұмыс, бестік диктант, бес саусақ әдістері арқылы кері байланыс алды. Оқушылар тағы бір мәрте интернеттің пайдалы және зиянды тұстары жайында толық мағлұмат алды деген ойдамыз.

Медиатека.

Мектеп медиатекасы мектеп кітапханасында орналасқан. Онда 434 дана электронды басылым бар, олардың ішінде: анықтамалықтардың, энциклопедиялардың, сөздіктердің электрондық нұсқалары, электронды оқулықтар мен жеке пәндер немесе тақырыптар бойынша көрнекі құралдар. Барлық сандық Оқу материалдары (бұрын сатып алынған және жаңа) медиа кітапханада сақталады, оларға сипаттама жасалады. Каталог мектеп сайтында көрсетілген. Пәндер бойынша электрондық оқыту бағдарламаларын жүйелеу жүргізілді және оқу пәндері бойынша дискілер каталогы құрылды. Алдағы уақытта мектептің медиа орталығы туралы ережені әзірлеу және оның жұмысына жауапты адамды тағайындау жоспарлануда. Әзірге бұл функция мектеп кітапханашысына жүктелген.

Ақпараттандырудағы мектеп қызметінің тиімділігі. Мектептің білім кеңістігін ақпараттандыру оқу-тәрбие жұмысын талдауды жеделдетуге, әр түрлі есептер, графиктер, диаграммалар құруға жағдай туғызып, сонымен бірге директор мен орынбасарларының жұмыс уақытын үнемдеуге мүмкіндік берді. Компьютерлік мәліметтер базасын құру мектептің ұзақ уақыт жұмысының нәтижелерін жинақтап, талдауға мүмкіндік берді. Оқу процесін

тиімді ұйымдастыру үшін компьютерлік мүмкіндіктерді пайдалану бойынша мұғалімдердің белсенділігі артты. Мектеп қызметкерлеріне АКТ құралдарын пайдалану бойынша техникалық көмек және консультациялар үнемі өткізіліп тұрды. Жыл ішінде мұғалімдер мен мектеп әкімшілігіне онлайн сабақтар, семинарлар мен воркшоптар өткізуге, түрлі сайттарға тіркелу, Білімал ЭЖ тапсырмаларады жүктеу алгоритмі бойынша көптеген көмек көрсетілді. ҰББДҚ /НОБД/ және Білімал деректері үнемі жаңартылып отырды. Түлектер мен оқытушылар туралы ақпарат үнемі жаңарып, түзетіліп отырды.

Оқу компьютерлік техникасының қауіпсіздігі мен тиімділігі қамтамасыз етілді – 46 дана Dr.web нтивирстары 138 компьютерлік құрылғыларға орнатылды: компьютер, планшет, ноутбук. Мектептің ақпараттандыру құралдарымен жабдықталуы мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің мағыналы және педагогикалық тұрғыдан тиімді желілік ресурстар мен технологияларға қол жетімділігін арттыруға бағытталған.

Мектеп бойынша электрондық ақпараттық-білім беру ортасын әкімшілендіру

Мектептің ЭИОС құрамдас бөліктері:

- АБЖ «Білімал» - оқу процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесі
- e.bilimal - электрондық құжат айналымы жүйесі, оқушыларды мектепке қабылдау, дубликат беру, оқыту түрін ауыстыру, тамақтану, жазғы лагерге бару
- balhshint.edu.kz – мектептің ресми сайты
- edumark.kz - білімді бақылау жүйесі
- ІС - электронды кітапхана жүйелерінің кешені
- nobd.iac.kz - ұлттық білім беру деректер базасы
- mail.ru - Мектеп поштасы;
- bilimland.kz, tester.kz – оқушыларға арналған ақпараттық-технологиялық ресурстар
- e.otinish.kz – электрондық өтінімдер жүйесі; /азаматтардың өтініштері порталы/
- техникалық, телекоммуникациялық және бағдарламалық құралдар кешені. /кең жолақты интернетке қосылу серверлері/
- АРМГУ (Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру) – анықтамалардың телнұсқасы, ата-аналардың өтініші
- enbek.kz - әкімдіктегі тіркеушілер үшін
- asppm.kz – Психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесі «HR+» (АСПМ)
- pedat.bilimal.kz - Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерін біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттау жүйесі
- бухгалтерлік-есептік айналымға арналған бағдарламалар пакеті.

Жалпы, Михаил Русаков атындағы мектеп-интернаттарындағы ақпараттандыру бағытын сипаттай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады:

Мәселелер:

Дегенмен, оқу үдерісінің материалдық-техникалық жаратқандырылуы әлі СанПиН-нің заманауи талаптарына сай емес: информатика кабинеттерін желдету жүйесімен және информатика пәнін оқытуда қосымша кабинет болуын қамтамасыз ету.

Оң тәжірибемен қатар, кейбір мәселелер бар: 2017 жылы берілген 24 дана компьютерлік құрылғы модельдер, 2017-2018 жылдарында берілген ПИК /проектор және компьютер/ ескірген, олардың қуаты үздіксіз жұмыс істеу үшін жеткіліксіз. Бағдарламалық құралмен қамтамасыз етілген антивирустық дерекқор әрқашан жоғары сапалы антивирустық қорғауды қамтамасыз ете бермейді.

Қорыта айтқанда, Біздің мектепте білім беруді ақпараттандыру процесі өте белсенді және әртүрлі бағыттарда жүзеге асырылады. Оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, оқу процесінде бүкіл ұжымның және оның әрбір қатысушысының қызметінің нәтижелерін талдауға, білім беру процесіне ақпараттық технологияларды енгізудің тиімділік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. 2022-2023 оқу жылында ақпараттандыру ісі бойынша есеп бере отырып, келесі қорытынды жасауға болады: 2022-2023 оқу жылына директордың АКТ жөніндегі орынбасары мектеп сайттарын толтыру, барлық порталдарда және сайттарда тіркелуді уақтылы жүргізді. 2022-2023 оқу жылындағы мұғалімдерге арналған іс-шаралар мен семинарлардың арқасында мұғалімдер мен оқушыларды барлық білім беру ресурстарында және әр түрлі порталдарда тіркеу жұмыстары толығымен орындалды. 2022-2023 оқу жылының басынан білім беру үрдісіне ақпараттық технологияларды енгізу жұмыстары жүргізілді, мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру жұмыстары жүргізілді. 2022-2023 оқу жылына қойылған мақсат пен міндеттер жоспар бойынша жүзеге асты.

Келесі оқу жылына арналған жалпы қорытындылар, ұсыныстар мен міндеттер

Жалпы қорытындылар:

- Негізінен 2022- 2023 оқу жылына қойылған міндеттер орындалды.
- Әдістемелік жұмыс жүйеде жүргізіліп, мұғалімнің АКТ құзыреттілік деңгейін арттыруға бағытталды. Мұғалімдерге кеңестер, сұхбаттар, мұғалімдерге АКТ-ны қолдана отырып әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу және тәжірибеге енгізу мұғалімдерге түзету көмегін көрсетті. Мектептегі мұғалімнің құзыреттілігі жеткілікті.

Қолжетімді оң нәтижелермен бірге жұмыста кемшіліктер де бар:

- Интернет-ресурстарды, білім беру сайттарын, платформаларды пайдалану дағдылары мен біліктіліктің жеткіліксіз деңгейі.
- «Информатика пән мұғалімдеріне қажет «Болашақ инженерлері» бағыты бойынша оқыту курстарына өтінім берілсе де, курстар ұйымдастырылмады.

2023- 2024 оқу жылына арналған ұсыныстар:

- АКТ саласындағы мұғалімдердің өз білімін жетілдіру жұмыстарын күшейту;
- мұғалімдерді педагогикалық шеберліктерін үнемі жетілдіруге ынталандыру.
- ақпараттық және оқыту бағдарламаларымен күнделікті жұмыс жүргізу.
- қашықтықтан оқыту бағдарламалары мен әдістерін меңгеруді жалғастыру.
- Робототехника кабинетін ұйымдастырып, жұмыс жүргізуді жалғастыру.
- «Болашақ инженерлер» жобасының жұмысының жалғастыру. Бағыт бойынша курстарға қатысып, оқушыларды байқауларға қатыстыру.

2023-2024 оқу жылына жоспарлануда:

- Мұғалімдер мен оқушылардың ІТ саласының түрлі бағыттары бойынша облыстық, республикалық жарыстарға, олимпиадаларға, фестивальдерге белсенді қатысуы.
- ІТ кабинетіндегі материалдық-техникалық базаны жаңарту: электронды оқулықтармен жұмысты ұйымдастыруға арналған планшет, ноутбуктар.
- Мектеп сайтының бөлімдерін толтыру.
- Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің АКТ құзыреттілігінің технологиялық және тәжірибелік деңгейлерін қамтамасыз ету;
- Пән мұғалімдерінің барынша мүмкін болатын кабинеттеріндегі жұмыс орындарын техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуді жалғастыру.
- Пайдаланушыларға ақпараттық және техникалық қолдау көрсету.

**2022-2023 оқу жылындағы ақпараттандыру саласы бойынша
SWOT талдау**

Күшті жақтары:	Әлсіз жақтары:
<ul style="list-style-type: none"> - Білім беру мекемесінің функционалдық бағыттарын іске асырудағы ұтқырлық пен шығармашылық. - Білім сапасын көтеруге мүмкіндіктер бар. - Оқыту процесінде инновациялық технологияларды қолдану. - Мектепті басқарудағы нақты стратегиялық бағыттар. <p>Кадрлық жағынан креативті жұмысқа жарамды ұжым</p> <ul style="list-style-type: none"> -79% -жоғары білім, 21% -орта кәсіптік білім); - сапалық құрам: жоғары санат - 5%, 1 санат - 5%, санатсыз - 33%, жаңа санат - 22 мұғалім, бұл 56% құрайды. / зерттеушілер - 6 мұғалім, 7 модератор, 6 сарапшы / -95% пед. соңғы 5 жылда курстық даярлықтан өткен; -20% -ы интернет -ресурстар бойынша курстық дайындықты аяқтады; - мұғалімдердің 100% -ы ДК қолданушылары, Microsoft Office Word бағдарламасында жұмыс істейді; -80% пед. презентация жасай алады; -80% интернеттен алынған ақпаратты пайдаланады. - Интернет -ресурстарды пайдалануға оқушылардың жоғары қызығушылығы. -Материалдық -техникалық базаның жеткілікті болуы - Онлайн олимпиадалардың нәтижелерінің көбеюі - Информатика пәні бойынша олимпиадаға қатысатын оқушылардың жетістігінің өсуі; - Мектеп мұғалімдері интернеттегі желілік жобалық жұмыстарға белсенді қатысады, жобалар мен сайыстарға қатысады. - Мектеп мұғалімдерінің қашықтықтан технологиялардың: стриминг арқылы сабақ беру, түрлі платформаларды қолдану құзыреттілігін жоғарылауы - Робототехникадан қала, облыс, республика деңгейіне сайысқа шығу - 10 сыныптарда информатика пәнінде ағылшын тілін толық кіріктіріліп оқытылуы 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мұғалімдердің 30%-ында «Интернет -ресурстар» бағдарламасы бойынша курстық дайындық жоқ 2. Мұғалімдердің 20% -ы сабақты дайындау мен өткізу үшін мектептегі интернет материалдарын, материалдық -техникалық базаны, АКТ-ны толық қолдана бермейді; 3. Компьютерлерге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету жеткіліксіз; 4. Мұғалімдердің облыстық әдістемелік іс-шараларға қатысуының жеткіліксіздігі 5. Облыс, республика көлемінде информатика пәні бойынша олимпиада көрсеткіштің жоқтығы 7. Оқу үрдісінде, оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруда (үй тапсырмасын қоса алғанда) қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды, АКТ -ны жеткіліксіз қолдану. 8. Білім берудің прогрессивті жобаларын іске асыруға мұғалімдердің жеткіліксіз қосылуы, қоғамды ақпараттандыру жағдайында мұғалімдердің ұтқырлығы жеткіліксіз. 9. Жобалық іс -шараларға мұғалімдердің саны жеткіліксіз. 10. Пән мұғалімдердің электронды оқулық әзірлемеуі 11. оқу үдерісінің материалдық-техникалық жаратандырылуы әлі СанПиН-нің заманауи талаптарына сай емес: информатика кабинеттерін желдету жүйесімен және информатика пәнін оқытуда қосымша кабинет болмауы. 12. 2017 жылы берілген 24 дана компьютерлік құрылғы модельдер, 2017-2018 жылдарында берілген ПИК /проектор және компьютер/ ескірген, олардың қуаты үздіксіз жұмыс істеу үшін жеткіліксіз.

<ul style="list-style-type: none"> - Барлық компьютерлерде антивирус бағдарламалары орнатылды. 	
<p>Мүмкіндіктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Педагогикалық қызметкерлердің мақсатты біліктілігін арттыру. - Қоғаммен байланысты кеңейту, мектептің әлеуметтік серіктестерін іздеу. - Білім беру ұйымында ақпараттық желіні қайта құру. - Әр түрлі инновациялық педагогикалық технологияларды, жұмыс формалары мен әдістерін енгізу. - Мұғалімдердің үйренген әдіс-тәсілдерін өз тәжірибесінде қолдануы; - Түрлі деңгейдегі сайыс, байқаулардан жетістіктердің болуы; - Жаңа модификациядағы оқу кабинеттерін ашу, электрондық оқыту жүйесін жандандыру; - Мектептің бірыңғай ақпараттық кеңістігі арқылы отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуіне жағдай жасау - Ғылыми-әдістемелік және ғылыми-практикалық семинарларға, конференцияларға, интернет формаларында қатысу арқылы мұғалімдердің тәжірибесін тарату және жалпылау. - 	<p>Қауіп – қатер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - инновациялық қызметте қажетті тәжірибенің болмауы; - мұғалімдер арасында мектептің қалаған болашағының бейнелерінің сәйкес келмеуі; - Жаңа жүйе негізінде оқу мен оқыту жайлы мұғалімде қалыптасқан тәжірибенің болмауы; - Қала мектептерінен жоғары бәсекелестігі саладарынан арта қалу.

**Қарағанды облысы білім басқармасының,
Балқаш қаласы білім бөлімінің
«Михаил Русаков атындағы мектеп-интернаты» КММ
2022-2023 оқу жылында жүргізілген
тәрбие жұмысы бойынша жылдық
САРАПТАМА**

Мектептің тәрбие беру жүйесі-оқушылардың сабақ уақыты мен сабақтан тыс уақыттарын тиімді байланыстыру арқылы, олардың бойына рухани-адамгершілік, азаматтық, патриоттық т.б. құндылықтарға баулитын іс-әрекеттер жүйесі.

Тәрбие жұмысының мазмұны, түрлері мен әдістері;

Тәрбиенің мазмұны:

Мектеп –еліміздің халыққа білім беру жүйесінің – күрделі тармағы.

Білім берудің жаңа моделіне өту жағдайында және тәрбиенің білім беру үдерісіндегі рөлінің өсуіне байланысты тәрбие мазмұнын қайта бағдарлау даму заңдылығы болып табылады. Қазір білім беру үдерісінде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына үлкен мән беріліп отыруына орай, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы барлық тәрбие үдерісінің өзегі болып отыр.

Тәрбиенің мазмұны оның мақсаттары мен міндеттері арқылы анықталады және ол қоғамдық дамудың бағыты мен мазмұнына заңды тұрғыда тәуелді болады. Сонымен бірге, тәрбиеге әлеуметтік-рөлдік көзқарас тұрғысында адам көптеген әлеуметтік жүйенің компоненті болып саналады: отбасы, ұжым, кәсіби топ, этнос, қоғам және т.б. Сондықтан, тәрбие мазмұны құндылық қарым-қатынас жүйесімен: өзіне, өзінің отбасына, мектепке, қоршаған ортаға, Отанына, Жер әлеміне, сондай-ақ, әлеуметтік рөл жүйесімен де сәйкестенеді: адам, дос, ұл (қыз), құқық қорғаушы, аға (қарындас) патриот, немере (немере қыз), азамат, туыс, қорғаушы, оқушы, ұлттық мәдениетті қорғаушы және жасаушы, ұжым, топ мүшесі, көш басшы, еңбекші, иегер, әлем азаматы, қалалық (ауылдық), бейбітшілік орнықтырушы, көрші, эколог, бірлестіктің, топтың, этнос мүшесі.

Мектеп-интернаттағы тәрбие беру жұмысының моделі:

Кәсіптік бағдар беруді қалыптастыру арқылы, тұлғаны әлеуметтендіру

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге ықпал ету.

Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Тәрбиелеудің басым бағыттары

Жалпыадамгершілік және ұлттық құндылықтар тәрбиелеудің педагогикалық негізі болып, тәрбие берудің барлық жолдарын қамтиды:

Патриоттық және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие;

2) Рухани тәрбие;

3) Ұлттық тәрбие;

4) Отбасылық тәрбие;

5) Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;

6) Көпмәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие;

7) Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбие;

8) дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиелеу сараптамасы - бұл жоғарғы немесе төмен, оң не теріс, жетістікке жеткен немесе сәтсіздікке ұшыраған себептерін анықтау.

Тәрбиелеу процесі «Білім беру Заңы», «Бала құқығы жөнінде Конвенция», «Тәрбиелеу», әдістемелік- нұсқаулық хат, жоспарға негізделген.

Тәрбие жұмысы оқу орнының ерекшелігін ескере отырып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог, әлеуметтік педагог, кәсіптік бағдар беруші, аға тәлімгер, Адал ұрпақ, Аналар – Әкелер кеңесі, құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесі, қамқоршылық кеңесі жұмыстары арқылы жүзеге асады.

Осы бағытта мектепте жүргізілген тәрбие жұмыстарын айтып өтуге болады.

Олар:

1. Дәстүрлі мерекелер
2. Тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы
3. Үйірмелер жұмысы
4. Жалпы құқықтық білім беру
5. Ата-аналармен жұмыс
6. Әкелер кеңесі жұмысы
7. Мамандыққа бағдарлау
8. Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысы
9. «Сырласу» аналар мектебі
10. «Адал ұрпақ» еріктілер клубы
11. «Оқуға құштар мектеп» жобасы

Жыл бойы әр дәстүрлі мерекелерге орай салтанатты жиындар, концерттік бағдарламалар, тәрбиешілер әдістемелік-бірлестігінің онкүндігі, сыныптан тыс іс – шаралар жүйелі түрде, жоспар бойынша өткізіліп отырды.

Үйірмелер жұмысына тоқталып өтсек мектеп бойынша Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасында білім беруді кешенді жүзеге асыру үшін мектебімізде тегін үйірмелер мен секция жұмыс жасады.

Үйірмелер –секциялар саны – 19. Жетекші мұғалімдер саны – 14. Жалпы қамтылған оқушылар саны – 388. Оның ішінде; «Шахмат»- 52 оқушы, «Волейбол» -25 оқушы, «Баскетбол» -33 оқушы, «асық ату» - 33 оқушы, «робот-техника – 21 оқушы, «футбол» - 22 оқушы, «дебат» - 30 оқушы, «вокал» - 11 оқушы, «тігу»- 32 оқушы, «күрес» - 11 оқушы, «гандбол» - 28 оқушы, «театр» - 36 оқушы, «хореография» - 36 оқушы, «шахмат»- 52 оқушы, «теннис»- 18 оқушы. Жүргізілу түрі – тегін.

Оқушылардың қалалық үйірмелер мен секцияларға қатысулары туралы мәлімет

Жалпы қалалық үйірмелер мен секцияларда қамтылған оқушылар саны: 32. Оның ішінде: спорт сецияларында – 16 оқушы, би үйірмесінде – 13 оқушы, сурет өнерінде – 1 оқушы, дәстүрлі ән – 1 оқушы, театр – 1 оқушы.

Тәрбиешілердің жетістіктері

Пед.кеңесте, семинарларда баяндама оқуы	Ғылыми-тәжірибелік конференцияларға	Тәрбиешінің әр түрлі деңгейдегі кәсіби сайыстарға, байқауларға	Өткізген ашық сынып сағаттары мен іс-шараларының саны	Баспа беттеріне жарияланған мақалалар	Авторлық бағдарламаның	Әдістемелік құрал,	Әр түрлі сайттарға жолданған материалдар
---	-------------------------------------	--	---	---------------------------------------	------------------------	--------------------	--

Республикалық	-
Облыстық	-
Қалалық	-
Республикалық	1
Облыстық	-
Қалалық	-
Республикалық	-
Облыстық	-
Қалалық	-
Республикалық	-
Облыстық	-
Қалалық	3
Республикалық	3
Облыстық	3
Қалалық	4
Республикалық	-
Облыстық	-
	-
Республикалық	17
Облыстық	2
Қалалық	-

Республикалық - бас жүлде -

1 орын - 0

2 орын - 0

3 орын - 0

Оның ішінде:

Диплом - 10

Сертификат - 31

Құрмет грамотасы - 4

Алғыс хат - 8

Мадақтама - 2

Оқушылар жетістіктері

Спорттық сайыстар			Эстетикалық шығармашылық байқаулар			Шығармашылық байқаулар			Қашықтықтан өткен олимпиадалар, сайыстар, байқаулар		
Республикалық	Облыстық	Қалалық	Республикалық	Облыстық	Қалалық	Республикалық	Облыстық	Қалалық	Республикалық	Облыстық	Қалалық
1	1	5	4	1	6	3	1	7	19	3	2

Республикалық - бас жүлде - 2

1 орын - 17

2 орын - 16

3 орын - 14

Оның ішінде:

Диплом - 29

Сертификат - 9

Мадақтама - 1

Тәрбиешілердің сапалық құрамы

Сынып тәрбиешілері									
Са ны	Білімі		Біліктілік санаты						
	Жоғар ы білімді	Арнау лы орта	жоғар ы	I сана т	II сана т	Педагог- зерттеуш і	Педагог сарапш ы	Педагог модерато р	Санат ы жоқ
26	16	10	2	2	1	-	1	5	15
Қосалқы тәрбиешілер									
Са ны	Білімі		Біліктілік санаты						
	Жоғар ы білімді	Арнау лы орта	Жоғар ы	I сана т	II сана т	Педагог- зерттеу ші	Педагог сарапш ы	Педагог модерато р	Санат ы жоқ
10	7	3	1	1	1	-	-	-	6

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің жұмысы

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің жұмысы бойынша оқу жылының басында қылмыстардың алдын алу, оқу орнында оқушылар арасында тәртіпті нығайту, әлеуметтік қауіпті отбасылармен жұмыс істеу, кәмелетке толмағандардың қоғамға қарсы әрекеттеріне ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және талдау үшін құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құрылды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі қызметінің мақсаты:

- оқушылардың заңға бағынатын мінез-құлқы мен салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- оқушылардың девиантты және бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын алу, "әлеуметтік қатер" тобындағы білім алушыларды әлеуметтік бейімдеу және оңалту;
- мүшелері арасындағы салауатты қарым-қатынастарды қалпына келтіру және отбасылық тәрбиедегі ауытқуларды түзету мақсатында "тәуекел тобындағы" отбасымен кешенді түзету жұмыстарын жүзеге асыру.

2022-2023 оқу жылының басынан бастап алдын алу Кеңесінің 10 отырысы өткізілді, оның барысында тәрбие профилактикалық жұмысын оңтайландыру мәселелері қаралды, білім алушылармен және олардың ата - аналарымен жеке профилактикалық жұмыс жүргізілді.

Отырыстар арасында алдын алу кеңесі жұмысын тоқтатпайды. Күн сайын алдын алу жұмыстарына жауаптылар тәрбие жұмысын ұйымдастыру, қадағалаусыз қалудың, құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерімен айналысады.

Панасыздық, құқық бұзушылық, нашақорлық және маскүнемдіктің алдын алу мақсатында оқу жылы бойы:

1. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектормен кездесулер;
2. Тиісті тақырып бойынша сынып сағаттары мен әңгімелесулер;
3. Құқық сабақтарында құқықтық нормаларды зерттеу;
4. Жасөспірімдердің қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік мәселелері бойынша ІІБ инспекторларымен кездесу;
5. Тәрбие сағаттарында темекі шегудің, нашақорлық пен алкогольизмнің зияны туралы алдын алу әңгімелерін өткізу;
6. Темекі шегудің, маскүнемдіктің, нашақорлықтың зияны туралы шығармашылық жұмыстардың конкурстары өткізілді.

Оқу жылы барысында оқушылардың құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесулері ұйымдастырылды. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты-ата-аналарға көмек көрсету, жанжалды жағдайларды шешу бойынша кеңес беру, психологиялық-педагогикалық қызметтің жұмысын ұйымдастыру.

Кестеге сәйкес педагогтер мен ата-аналардың рейдтік іс-шараларға қатысуы жүйелі түрде ұйымдастырылды, ата-аналар сыныптан тыс, жалпы мектептік іс-шараларда кезекшілікке тартылады.

Мектептің толық әлеуметтік паспорты жасалды, ерекше назар аударуды қажет ететін отбасылармен әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бойынша жұмыстар жүргізілуде - тренингтер, консультациялар өткізілді.

2022-2023 оқу жылына мектептің әлеуметтік төлқұжаты

№	Атауы	Саны
1.	Оқушылар саны	381
2.	Көпбалалы отбасылар саны	63
	- ондағы балалар саны	99
3.	Аз қамтылған отбасылар саны	82
	- ондағы балалар саны	93
4.	Толық емес отбасылар саны	69
	- ондағы балалар саны	145
	- анасының тәрбиесінде	108
	- әкесінің тәрбиесінде	13
	- тәтесінің (ағасының) тәрбиесінде	6
	- атасының тәрбиесінде	0
	- әжесінің тәрбиесінде	0
	- атасы мен әжесінің тәрбиесінде	8
	- оның ішінде өгей әкесінің тәрбиесінде	15
	- оның ішінде өгей шешесінің тәрбиесінде	1
5.	Ата-анасы мүгедек отбасылар саны	11
6.	Діни көзқарастар бойынша мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтамайтын оқушылар саны	0
7.	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны, оның ішінде:	7
	- қорғаншылықта және қамқоршылықта	2
	- патронаттық тәрбиеде	5
	- асырап алған отбасында	0
	- отбасы үлгісіндегі балалар үйінде	0
	- жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында	0
8.	Мүгедектігі бар балалар мен ЕББҚ(ерекше білім беруге қажеттіліктері) бар балалар саны	13
	- мүгедек балалар	4
	- ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар	8
	- оның ішінде үйде оқитын балалар	0
9.	ІПБ есебінде тұрған оқушылар саны	0
10.	ІПБ есебінде тұрған қолайсыз отбасылардың саны	4
	- ондағы балалар саны	10
11.	Мектепшілік есепте тұрған балалардың саны	4
12.	Ерекше педагогикалық назар аударуды талап ететін «тәуекел тобындағы» балалар саны	0
13.	Білім беру ұйымдарындағы бейнебақылау камераларының саны	42
14.	Мамандандырылған күзет қызметінің болуы	Бар

Құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыс нәтижесінің көрсеткіштері:

Мектеп оқушыларының сабақтан тыс уақытта жасайтын құқық бұзушылықтар санының, мектеп ұжымында жанжал жағдайларының санын азаюы және тиімді әлеуметтік-педагогикалық жұмыс есебінен ІІБ есебінде және мектепішілік есепте тұрған балалар санын азаюы болып табылады.

Сонымен қатар, жалпы психолог қызметіне жыл бойына құрылған жоспардан аутодеструктивті жүріс - тұрыстың алдын алу бойынша, ерекше педагогикалық назарды талап ететін оқушылармен жұмыс жоспары, емтихан тапсыратын оқушылармен жұмыс жоспары, мамандыққа бағдарлау бойынша ағымдық қызмет жоспарлары жасалынып, мынадай жұмыстар жүргізілді:

Аутодеструктивті жүріс-тұрыстың алдын алу қызметі бойынша:

Қыркүйек айының 18-20 аралығында мектептегі жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез-құлқының алдын алу мақсатында мектеп психологы 8-9 сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізді.

Аутодеструктивті жүріс-тұрыстағы оқушыларды анықтау мақсатында «СБА тұлғалық әдістемесі» жүргізілді. Әдістемеге 8,9 сынып оқушылары қатысты. Суицидтік бағыттылықты анықтау СБА әдістемесі (тұлғалық сұрақнама) 13-15 жасар жасөспірімдердің суицидтік қауіпті ұстанымдарын анықтаудағы бағдарланған әдістеме ретінде құрылған. Әдістеме депрессиялық, невротикалық жағдайды және қарым-қатынас деңгейін анықтауға арналған. Жалпы шкала саны – 6, негіздеме саны -76.

Әдістеме нәтижесінде , депрессивті шкала бойынша оқушылар анықталған жоқ. Невротизация шкаласы бойынша оқушылар анықталған жоқ. Аталған сыныптарда қалалық тіркеуде тұрған оқушыға аса назар аударылды. Оқушыда аутодеструктивті жүріс-тұрыс әрекеті байқалмады. Шыншылдық шкаласы бойынша орта деңгей, депрессивті жағдайға бейімділігі орта деңгей, невротизм деңгейі орта, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы орта деңгейде. Анықталған әдістемені қорытындылары шығарылып, сынып жетекшісі мен тәрбиешілеріне таныстырылды. Қорытындыға сәйкес ұсыныстар жасалды.

Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасындағы суицидті мінез-құлқтың алдын алу мақсатында 20 қыркүйек күні 7-8-9 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша 2 бала суицид жағдайын бейімділігі анықталды. Оқушылардың ата-аналарына ескертіліп, арнайы мамандарға жіберілді. Жыл бойы осы балаларға жоспар құрылып, үнемі жұмыс жасалып, қатаң бақылауда болды.

Қазан айының 7-9 күндері мектеп психологы 8 және 9 сынып оқушыларымен «Стрессті жеңу жолдары» психологиялық тренинг өткізді. Мақсаты: қатысушылардың тренингте өздерін еркін ұстауын және көңіл-күйін шоғырландыру. Стресске қарсы тұруы, сенімді мінез-құлық дағдысын арттыру, өзін-өзі реттеуін, өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыру.

Жоспар бойынша қазан айларында «Өмір – шексіз керуен» тақырыбында жоғарғы сынып оқушыларына тренинг сабақ өтілді. Мақсаты: оқушылардың өмірге, әсіресе адамзат ұрпағына деген аяушылық сезімін тудыра отырып, аурулардың алдын алуды үйрету, жаман әдеттен бойларын аулақ салуын, оқушылардың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын қалыптастыру, дамыту, оқушылардың сөйлеу мәдениетін, ұжымда жұмыс істеуін дамыту.

7 сыныптарға «Баланың рухани дамуы отбасынан басталады» атты психологиялық тренинг өткізді.

Мақсаты :

- Балаға отбасыға сүйіспеншілік сезімін және оған мақтаныш сезімін, ата-ананы құрметтеу сезімдерін тәрбиелеу;
- отбасының тарихына, отбасылық дәстүрге, отбасы ағашына деген қызығушылықты дамыту.
- коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Тренинг барысында оқушылар өз есімдерін талдап, мағынасын ашып жазды. Болашақ отбасын көз алдына елестетіп, болашақ үйінің суретін салды.

Сонымен қатар, «Заманауи сабақ – тиімді және сапалы білім негізі» педагогикалық кеңесі аясында мектеп психологы «Автодеструктивті мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін факторлардың алдын алу. «Буллинг» тақырыбында баяндама жасады. Мақсаты: жасөспірімдердегі агрессивтілік мәселесі туралы мұғалімдердің білімін қалыптастыру, жасөспірімдерде агрессивтіліктің пайда болу себептерін анықтау; егер бала басқа оқушының агрессивті қарым-қатынасының құрбаны болған жағдайда мұғалімдерге ұсыныстар беру; баланың агрессиясын төмендетуге ықпал ететін мінез-құлық ережелерімен таныстыру.

Сенім почтасына келіп жеткен хаттар жекелей талданады, оқушыларға, ата-аналарға жекелей кеңестер беріледі. Желтоқсанның 18-і мен 25 аралығында 5-9 сынып оқушылары арасында діни экстремизм мәселесі аясында сауалнама жүрзілген болатын. Сауалнама қорытындысы бойынша мектеп оқушылары арасында діни сауатсыз оқушылар жоқ. Оқушылардың 100 пайызы қазақ халқы ислам дінін ұстанатын жазды. Діни жолдан арылмау үшін нақты мәліметті тек мешіттен алу керек, дәстүрлі ислам жайында тек мешітте ғана берілетінін атап көрсетті. Мектеп оқушыларының ешбірі діни тақырыптарды қозғайтын отырыстарға бармаған және баруды көздемейді, қандай мәселе болса да, аталған тақырыптағы мәліметті отбасынан, мешіттен, мектеп ұстаздарынан алатынын жазды.

2 наурыз күні «Діни экстремизм - қоғам дерті» тақырыбында 7-8 сынып оқушылары арасында мектеп психологы аутодеструктивті жүріс-тұрыстың алдын алу мақсатында ақпараттық сағат өткізді. Мақсаты: Дін, экстремизм, топтар ұғымымен, экстремистік топтардың белгілерімен таныстыру, терроризмге, экстремизмге теріс көз қарасын қалыптастыр. Оқушыларға тренинг жағымды әсер берді.

Ерекше педагогикалық назарды талап ететін оқушылармен жұмыс:

Қыркүйек-қазан-қараша айында айларында сынып жетекшімен, әлеуметтік педагогпен байланыста ерекше педагогикалық назарды талап ететін оқушыларды, олардың категориялары анықталды. Жалпы саны – 10 оқушы. Аталған оқушылардың отбасының ерекшеліктерін, өзара қарым-қатынастарын анықтау мақсатында «Менің отбасым», «Менің отбасым гүлдер кейпінде», «Үй Ағаш Адам» проективті әдістемелері жүргізілді. Қаңтар Ақпан айларында оқушының бойына адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында «Адам мінезімен танылады», аталған категориядағы оқушылардың мамандыққа бағыттылығын, бейімділігін анықтау мақсатында «Мамандық-өмірдің бастауы» тақырыбы аясында тренингтер өтілді. Тренингтер өз мақсатында өтіп, жақсы дәрежеде өтілді. Ерекше педагогикалық назарды талап ететін оқушылардың өмірдегі өз орнын таба білуге, өз пікірін еркін айтып, көзқарасын дамыту өте маңызды. Осы мақсатты жүзеге асыруда сенімділігін, жетістікке жету жолдарын қалыптастыруды «Мақсат – жетістік желкені» тренингі жүргізілді. Тренинг өз деңгейінде өтті.

Наурыз айының 14 күні 10-11 сынып оқушыларын мамандыққа бағдарлау мақсатында «Мамандығым-мерейім» атты психологиялық тренинг жүргізілді. Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдау, олардың негізгі түрлері, классификациялық белгілері, мамандықтар тобы, таңдау әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта-ықыласын арттыру. Кәсіптік бағдар беру.Өзін өзі тану аумағын кеңейту, мамандық әлемінен ақпараттар беру.

Наурыз – мамыр айларында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жоғарғы буын сынып оқушыларына ағартушылық мақсатында «Жақсы болу өзіңнен», «Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек» атты сабақтар өтілді. Оқушылар белсенді қатысып, тренингке жақсы көңіл - күймен қатысты. 7-9 сынып оқушыларына болашақ отбасы өміріне дайындау және жыныстық тәрбие мәселелері бойынша кеңестер берілді. Аталған мәселе төңірегінде 7-8 сынып оқушыларының тәрбиешісі бірнеше оқушылардың мінез-құлқы бойынша кеңестер беруді сұрады. Коммуникативті қарым-қатынасты дамыту мақсатында 7-8 «Жасөспірімдерге арналған қарым-қатынас» атты тренинг өтілді. Қарым-қатынаста қиындықтары бар оқушылар жеке консультациялар берілді. Жыл бойына 27 оқушы аталған мәселе бойынша көмекке жүгінді.

Мамандыққа бағдарлау бойынша:

Қыркүйек айында жоспарға сәйкес, 8-9 сынып оқушыларынан «Өмірге жолдама» тестісі алынды. Сауалнаманың басты мақсаты – оқушылардың өмірге өз көзқарастарын білу, өмірдегі жолдарын айқын жоспарлай алуын анықтау.

Қазан- Желтоқсан айларында жекелеген диагностикалық сауалнама алынды, сауалнама қорытындысы бойынша әр оқушыға жекелей сай келетін мамандықтар базасы ұсынылды, Д.Голлондтың оқушылардың кәсіптік

қызығушылығын анықтау тестісі алынып, мамандықтар аймағы ұсынылды. Оқушылар өздеріне сай келетін мамандықтың анықталғанын айқындап, өздерінің мақсаттарына айқын екендерін жасармады. Анықталған диагностикалық жұмыстар негізінде анықталған мамандықтарының өмір бойына жеміс болатынын жете түсіндіру мақсатында қараша айында ағарту жұмыстары жүргізілді. Сол себепті «Мамандық таңдауға байланысты тренингтер» жүргізілді. Мақсаты: мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру. Оқушының кәсіби бағдарының табандылығын анықтау, психологиялық дайындығы мен қиындықтан шығу шеберлігін шыңдау. Тренинг соңы оқушылардың тілегімен аяқталды. «Мақсат – жетістік желкені», «Ең маңызды таңдау» атты сынып сағаттары 9 сынып оқушылар арасында оқушыларды өз болашағының бағытын айқындап, мақсат қоя білуге үйретуге мақсатқа жетудегі үміт пен сенімділікті оятуға бағытталып өтілді. Тренинг өз мақсатына жетті.

Қаңтар- Наурыз айларында 9 сынып оқушыларына «Мамандық өмір бастауы» атты тренинг сабақ, оқушылардың табандылықтарын зерттеу мақсатындағы сауалнама, 7-8 сынып оқушыларынан мамандыққа бағыттылығын алдын ала зерттеу мақсатында Д.Голландтың оқушылардың кәсіптік қызығушылығын анықтауда сауалнама алынды. Қорытындылары шығарылып, нәтижелері көрсетілді.

Сәуір- Мамыр айларында 4 сынып оқушылары арасында «Менің армандаған мамандығым» шығармалар сайысы болды. Сайысқа 4А, 4Ә сынып оқушылары қатысты. Оқушылар өздерінің қалаған мамандықтарының маңыздылығын және аталған мамандықтардың өздерінің табиғи бейімділігіне жақын екенін жете түсіндіре алды. Сонымен қатар, 8-9 сынып оқушылары арасында «Мамандық – өмір бастауы» атты дөңгелек үстел болып өтті.

Сондай-ақ, діни ағымдардан шатаسقандарға көмек көрсетуді мақсат тұта отыра, діни сауаттылығымызды арттырдық. Ұстаздардан, ата-аналардан, оқушылардан түрлі сауалнамалар алынды. Атап айтсақ, «Діни бірлестіктер туралы», «Діни экстремизм дегенді қалай түсінесің?», «Діни экстремизм – қоғам дерті». Сауалнама нәтижесі бойынша мектебімізде аталған ағым бойынша тіркелген оқушы, ата-ана анықталмағаны белгілі болды.

Тәрбие міндеттері, жұмыстың мазмұны мен түрлері білім алушының, ата - аналардың жеке басының сұраныстарымен, қажеттіліктерімен және мүдделерімен, мектеп жағдайларымен және қоғам мен мемлекеттің сұраныстарымен анықталады. Тәрбие жүйесінің маңызды бөлігі болып, мектеп ішіндегі дәстүрлерді қалыптастырып, оны бекіту болып табылады.

Қалыптастыру мақсатында оқушылардың патриотты және азаматы, жаңа демократиялық қоғамда өмір сүре алатын, құқықтық және антикоррупциялық мәдениетті тұлға, сана - сенімдерін, олардың өмірдегі кез - келген қатыгез оқиғалар кезінде өзін дұрыс ұстау үшін, мектеп ішінде Білім күні, Конституция күні, Республика күні, Тәуелсіздік күндеріне арналған сап - түзеу болды.

Жаңа оқу жылы «Білімді ұрпақ-жарқын болашақ» атты салтанатты жиынмен ашылды. Жиын барысында мектеп директоры және қалалық мәслихат депутаты А. П. Касымбеков сөз сөйлеп, оқушыларға жылы лебіздерін білдірді. Мектеп табалдырығын аттаған 1-сынып оқушылары үшін «шағын қойылым» ұйымдастырылды. Сондай-ақ барлық сыныптар үшін «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында білім сабақтары болып өтті.

22 қазан күні Республика күніне орай салтанатты саптық жиын өтті. Жиын мемлекеттік гимнді орындаудан басталды. Жиында үздік және озат оқитын, қоғамдық жұмысқа белсене қатысатын 5-8 сыныптардың білім алушылары «Жас Ұлан» ұйымына қабылданды. Олардың барлығы патриот болуға, еліміздің мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге, туған жерді сүйуге ант берді. Сонымен қатар, мерекеге орай өткізілген мектепішілік, қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған оқушылар марапатталды.

2022-2023 оқу жылына арналған жалпы мектептік тәрбие жоспарындағы 8 бағыт бойынша мектепте келесі іс-шаралар өткізілді:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері мен атаулы күндеріне арналған барлық іс-шаралар жаппай сипатқа ие болды: ҚР Тілдер күні, Тәуелсіздік күні, Президент күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халықтарының бірлігі күні, Батыр күні, Жеңіс күні және т. б.

30 тамызда елімізде ең маңызды мерекелердің бірі-Қазақстан Республикасының Конституциясы күні атап өтілді. 1 қыркүйек-Білім Күнінің дәстүрлі мерекесі, оның мақсаты өскелең ұрпақтың бойында білім алу мәдениетін қалыптастыру және жаңа оқу жылының алдында мереке атмосферасын құру болып табылады.

1 қыркүйекте «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында Білім күні салтанатты іс-шарасы өткізіліп, 1-сынып оқушылары үшін бірінші оқулықтың Әліппесі табыс етілді. 2-9 сынып оқушылары үшін 1 қыркүйек күні оларға бекітілген кабинеттерде өтті. Оқушылармен жұмыс жасаудың түрлері мен құралдары алуан түрлі болды, бастысы олар қызықты және әсерлі болды, азаматтықты және қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға, туған өлкенің табиғи және тарихи-мәдени мұрасына ұқыпты қарауға ықпал етті және оқушылардың жасына сәйкес келді. 1-9 сынып оқушылары төмендегі тақырыптар бойынша бейнероликтер жасап, мектеп сайтына жарияланды

16 желтоқсан-мемлекетіміздің басты мерекесі. Қазақстан 31 жыл «Тұғырың биік-тәуелсіздік» тақырыбында сынып сағаттары өтілді. «Желтоқсанның ызғары – тәуелсіздіктің алауы» мерекелік салтанатты жиын өткізілді.

Мерекелік концертке 1 "А", 5 "А", 6 "А" сынып оқушылары өз өнерлерімен бөлісіп, көрермендер көзайымы болды. Домбыра оркестрінің алғаш тұсаукесері болып, 5,6 сынып оқушылары "Еркем-ай" күйін ойнады. 3"А", 4 "А" сынып оқушылары "Туған жер" әнін хорда орындады. 2 "Ә", 6

"А", 8 А", 8"Ә" сынып оқушылары патриоттық әнде флешмобпен концерттік бағдарламаны аяқтады.

«Біз – Тәуелсіз Қазақстанның келешегіміз!» шахматтан турнирде 3-9 сынып оқушылары бақ сынасты.

14-наурыз күні «Қазақстанның киелі, қасиетті жерлері» жайында мен ең үздік эсселер сайысы өткізілді.

9-мамыр Ұлы Жеңіс күніне 78 жыл толуына орай «Ұрпаққа ұран болған ұлы Жеңіс» атты ерлік сағаттарын, тәрбие сабақтарын өткізілді. Тәрбие сағаттарының мақсаты: Ұлы Жеңісті дәріптеу, оқушылардың өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, елін қорғай білуге тәрбиелеу. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен атабабамыздың ерлік ісін қастерлеп, рухын көтеру, үлгі тұту. Жас ұрпақты бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға, ерлікке, адал да батыл болуға тәрбиелеу.

4-мамыр «Еркін ел ұрпағы» тақырыбында барлық сыныптардан жалпыұлттық патриоттық диктант алынды

Құқықтық тәрбие

Мақсаты: *құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру*

Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың оның ішінде жыныстық сипаттағы қылмыстық және өзіне-

2022-2023 оқу жылында оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтар, қылмыстың алдын алу жұмыстарының жұмыс жоспары мектеп психолгымен бірлескен жұмыс жоспарлары бекітілді.

Тәрбиенің сегіз бағытының I бөлімі Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбиесі бойынша жұмыстар жүргізілуде

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

15.10-15.11.22ж күндері арасында Құқықтық тәрбие айлығы аталып өтті. 18.-24.10. аралығында «Менің құқықтарым және міндеттерім» тақырыбында құқық апталығының жоспары құрылып, өткізілді.

Жоспар бойынша 1-9 сыныптарда «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында сынып сағаттары өтілді және мектеп психологы 5-9 сыныптарарасында «Отбасы, тұрмыстық зорлық зомбылық» тақырыбында және бопсалаудың алдын алу мақсатында құпия сауалдамалар жүргізді. Сауалнама алу барысында зорлық-зомбылық пен бопсалау орын алмағаны анықталды.

«Құқықтық сауаттылық заман талабы» тақырыбында сыныптарындасынып сағаттары өтілді.

Сынып сағаттарында бейнероликтер көрсетіліп, оқушылардың құқықтың сауаттылығы кеңіді.

Өзін өзі басқару мүшелері «Занды білде құрметте...» тақырыбында қабырға газеттерін шығарды. 1-9 сыныптардың ата-аналарымен «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында мектеп психологымен бірлесе жиналыстар өтілді.

21-25 қараша аралығында «Балалар құқығы туралы Конвенция күні» тақырыбында сынып сағаттары өтілді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жоғарғы сынып жетекшілері мен мектеп әкімшілігі бірлесе түнгі рейд жүргізді.

Әр айдың соңғы жұмасында Құқық бұзушылықтың алдын алу отырысы болып, құқық бұзушылық орын алған мәселелер мен оқушылармен әңгіме жүргізіліп отырды. Жас өспірімдер инспекторы А.Қасымжанова 8-9 сынып оқушыларымен құқық бұзушылық, жасөспірімдердің құқығы мен жауапкершілігі туралы әңгіме өткізді.

2. Рухани- адамгершілік тәрбие

Шілде мен қыркүйек аралығында "Мектепке жол" акциясы өткізілді, оның барысында ата-аналар, қамқоршылық кеңес және мұғалімдер мұқтаж оқушыларға мектеп формасы, аяқ киім және канц түрінде қолдан келгенше көмек көрсетті.

1-қазақ Қарттар күніне орай «Қарттар –біздің қазынамыз» атты сынып сағаттары өтіліп, ардагер ұстаздарға сый-құрмет көрсетілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша мектеп холдарында үлкен үзілістерде кітап оқу ұйымдастырылды. Барлық сыныптарда аталған жоба бойынша іс-шаралар өтілді.

«Театр және балалар» жобасы бойынша 1-9 сынып оқушылары оқыған ертегі, шығармаларынан қойылым қойып, әр кейіпкердің образына ене білді.

3-қазан Ұстаздар күніне орай мектепшілік салтанатты мереке ұйымдастырып, оқушылар өз өнерлерімен ұстаздарын тәнті етті.

06-10-ақпан аралығында «Рухани жаңғыру жолындағы тарих тағлымы» тақырыбында 8-9 сыныптар арасында тарих пәні мұғалімдері І.Жақсыгелдин және Қ.Нөкербекова дөңгелек үстел ұйымдастырды. Іс-шарада туған өлке тарихына көзжібере отырып, оқушылардың дүниетанымын кеңейте түсті.

8-Наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай мектепшілік мерекелік концерт ұйымдастырылды. Әр сыныпта Аналар күніне орай сынып сағаттары өтіліп, аналарына, әжелеріне арнап өлең-тақпақтар арнады.

3. Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру

28 ақпан Алғыс айту күнін мерекелеу қарсаңында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Алғыс айту күні мерекесі ортақ тарих, барлық этностардың бір-біріне және қазақ халқына қолдауының арқасында бастан кешкен бірлескен қиындықтарды еске алу негізінде көпұлтты Қазақстанның бірлігін сақтау және дамыту мақсатында енгізілді. Әр сынып оқушылары

ұстаздарына арнап, «Алғысым шексіз, ұстаздар» челленджін ұйымдастырып, ұстаздарға алғыстарын білдірді.

Алғыс айту-бұл біреуге жақсылық, назар аударғаны үшін ризашылық сезімі. Сынып сағатының соңында балалар өз алғыстарын түймедақ түрінде білдірді.

22-Наурыз ұлыстың Ұлы күніне орай «Ұлы Наурыз – жаңа жыл басы» атты сынып сағаттары, бір мезгілде мектеп бойынша әлеуметтік желілерде «Әр отбасынан бір ағаш» челленджін өткізілді. «Бақ дарытар құт Наурыз!» атты жас суретшілер байқауын ұйымдастырырылды. «Ұлттық дәстүр» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырылды.

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні.

Біздің мемлекетіміз-Қазақстан Республикасы үлкен аумақты алып жатыр. Біздің еліміздің барлық жерінде әртүрлі ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, жұмыс істейді: қазақтар, орыстар, ұйғырлар, кәрістер, украиндар, немістер, татарлар, өзбектер және т.б... Әр сынып өз тиеселі ұлттың биі, өлеңін және ұлттық тағамдарын таныстырды.

КСРО Халық әртісі Роза Бағланованың туғанына 100 жыл (1922-2011жж.) "Оның есімі халық жүрегінде" сынып сағаты (Роза Бағланованың 100 жылдығы). Мақсаты: көрнекті әншінің өмірлік және шығармашылық жолын еске түсіру, патриотизм сезімін, Отанға, өнер мен музыкаға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

9- ақпан Мұқағалидің туған күніне орай «Ақиық ақын- Мұқағали Мақатаев» тақырыбында сынып сағаттары өтіліп, ақынның шығармашылығымен танысып, поэмаларынан үзінді қойылым қойылды.

Мектептегі отбасылық тәрбие

2013 жылғы 8 қыркүйекте Қазақстанда алғаш рет Отбасы күні атап өтілді. Содан бері бұл күн дәстүрге айналды Отанға деген сүйіспеншілік отбасылық пешке деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған шаңырақтың астында алған тәрбие-бүкіл халқымыздың салауатты және табысты болашағының кепілі. Әр адамның өз үйі бар. "Әке үйі", "отбасы" сөздері өмірдің алғашқы күндерінен бастап біздің санамызға енеді. Отбасы - бұл үлкен сыйлық. "Үйде бақытты адам бақытты".

Отбасы күніне арналған апта аясында "Ана мен мен – ең жақсы достар" атты дөңгелек үстел өткізіліп, оның барысында қыздары аналарының көмегімен "отбасылық құндылықтар", "Отбасы-негіздердің негізі". Туған адамдар арасында "Ана мамандығы" туралы, атап айтқанда балаларымен қарым-қатынас кезінде туындайтын қиындықтар туралы ашық диалог болды. Қыздарға арналған мұндай тақырыпты түсіну қиын, бірақ жоқ... қыздар бұл мәселелерді байсалды қабылдады және дұрыс шешім табуға тырысты.

Жыл бойы сынып тәрбиешілері мен жетекшілері жасалған кесте мен жоспарға сәйкес сынып ата-аналар жиналысын өткізді.

28 қаңтарда мектептің ата-аналарына Қазақстандағы балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілерін, кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтарды бұзу немесе қатыгез қарым-қатынас фактілері туралы Telegram

мессенджеріндегі Bala Qorgay чат-арнасына хабарлауға болатындығы туралы ақпарат берілді.

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Еңбек күні аясында 1-9 сынып жетекшілері "Еңбек адамды безендіреді", "көздер қорқады - қолдар жасайды", "Еңбек әлемді басқарады" және т. б. сынып сағаттарын өткізді.. Қарттар күніне орай экологиялық акция, сондай-ақ " Туған өлкенің табиғаты!»

9-11 сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Экологиялық тәрбие үшін "Таза көше"экологиялық патруль өткізілді.

ЭКО сағатты қазір бастаңыз!

Жыл сайын планетадағы жасыл кеңістіктер саны тұрақты түрде азаяды. Бұған өнеркәсіптік кесу, орман өрттері, құрғақшылық ықпал етеді. Экологиялық жағдайды жақсарту үшін немқұрайлы емес адамдарды тарту және өз туған қаласын, сен туып өскен ауылды жақсы көретіндерді, Туған жер туралы ойлайтындарды және экологияға қамқорлық жасауға дайын адамдарды біріктіру қажет.

Қазіргі әлемде адамның жеке ерекшеліктеріне қойылатын талаптар үнемі өсіп келеді, ал жұмыстың мақсаттары мен сипаты адамдарға тандаған мамандығында жоғары кәсібиліктің, үнемі біліктілікті арттыруға және жеке дамуға дайын болу қажеттілігін көрсетеді. Мұндай жағдайда мектептегі кәсіптік бағдарлау бұрынғыдан да өзекті болады және барлық жастағы мектеп оқушыларына сапалы дайындықты қамтамасыз етуі керек.

4 тоқсан бойы тұрақты негізде 8,9 сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілді: буклеттер, Қазақстанның колледждері мен жоғары оқу орындары туралы ақпараттық парақтар таратылды. Оқушылар үшін де, ата-аналар үшін де бейне роликтер арқылы оқыту шарттары, бейіндік пәндер, сондай-ақ оқуға түсу үшін қажетті құжаттар, оларды ұсыну мерзімдері туралы ақпарат берілді.

8-9 сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілді, ол балалардың қандай оқу орындарына қызығушылық танытатынын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасуда.

6.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

1 сәуір күні 1-9 сынып оқушылары арасында «Ғашыкерлер» күніне арналған, мектеп оқушыларының ғарышқа алғашқы ұшуы туралы ой-өрісін кеңейтуге бағытталған "Жұлдыздарға тікен арқылы" атты танымдық сабақтар өткізілді.

Іс-шара келесі сұрақтан кейін басталды: "бұл әйгілі және аңызға айналған сөйлемді кім айтты? Қандай жағдайда?"Ұйымдастырушыдан жауап алып, мақұлдағаннан кейін оқушыларға "Восток" спутник-кемесінің борттағы адаммен алғаш рет ашық ғарышқа ұшырылғанын көрсететін деректі фильмнен үзіндінің бейне роликті көру ұсынылды. Кемесінің ұшқышы кеңестік ғарышкер Юрий Гагарин болды. Іс – шараның мақсаты: Қазақстан өз аумағында ғарыш айлағы бар санаулы мемлекеттердің бірі екенін

пайдалана отырып, оқушыларды отаншылдық, өз Отаны үшін ұлттық мақтаныш рухында тәрбиелеу.

Әдіс бірлестігі апталықтарында әр сыныптарда зияткерлік сайыстар, КВН сияқты оқушылардың ой-өрісін дамытуға арналған сайыстар өтеді.

7.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

27-29 желтоқсан күндері өзін-өзі басқару мүшелерінің ұйымдастыруымен «Жасыл шырша» мерекесі өтті. Бастауыш сынып оқушыларына арнап, ертегі, мультфильм кейіпкерлері ретінде образға кіріп ойнаған әртістеріміз бүлдіршіндер мен ата-аналардың көңілінен шығып, алғысқа ие болды.

8 Наурыз-көктемгі сүйкімділік мерекесі! 6 наурызда мектепте Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік іс-шаралар өтті. Дәстүрлі түрде оларға тәрбиеленушілердің аналары мен әжелері шақырылды. Сыныптар мерекелік безендірілді.

1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай тақырыптық сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Біздің мемлекетіміз-Қазақстан Республикасы үлкен аумақты алып жатыр. Біздің еліміздің барлық жерінде әртүрлі ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, жұмыс істейді: қазақтар, орыстар, ұйғырлар, кәрістер, украиндар, немістер, татарлар, өзбектер және т.б... Әр сынып өз тиеселі ұлттың биі, өлеңін және ұлттық тағамдарын таныстырды.

8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын тәрбиелеу

Қыркүйек айында жалпы мектептік Денсаулық күні өткізілді, оның барысында мектептің барлық оқушылары жаттығу жұмыстарын жасады, қашықтықта жүрігу, ұлттық ойындар сайысы, футбол таза ауада ойындармен табиғатқа жорықтар жасады.

1-желтоқсан- Дүниежүзілік адам имундық тапшылық синдромымен күрес күні мектеп дәрігерлерімен бірлесе отырып, «Біз СПИД-ке қарсымыз»акциясы ұйымдастырылып, 7-9 сынып оқушылары қабырға газеттерін шығарды. Және арнайы орталық мамандарымен кездесу болып өтті.

3-9 сыныптар арасында дене шынықтыру пәні мұғалімі шахматтан турнир ұйымдастырып, оқушылар бақ сынасты. Жеңімпаздар марапатталды.

5-мамыр күні Ұлы Жеңіс күніне орай футболдан турнир ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары командалық топтарға бөлініп, бәсекелесті. 5-8 сыныптар арасында дене шынықтыру пәні мұғалімі С.Панарбековтың ұйымдастыруымен волейбол жарыстары болды.

Қамқоршылық кеңесінің жұмысы

Өткен оқу жылында Қамқоршылық кеңес жұмысының басым бағыттары:

* балаларды мектепте оқыту мен тәрбиелеудің денсаулығы мен қауіпсіз жағдайларын жасауға жәрдемдесу;

* мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге, оның үй-жайы мен аумағын абаттандыруға жәрдемдесу;

* онлайн конкурстар, жарыстар ұйымдастыруға көмектесу;

Қамқоршылық кеңесінің жұмысы комиссия арқылы ұйымдастырылды: оң, қаржылық, санитарлық-ағартушылық, оқу-тәрбиелік.

Қамқоршылық кеңестің отырыстарында қаралған мәселелер:

Жұмыстың негізгі бағыттарын анықтау, Қамқоршылық кеңестер құру бойынша нормативтік-құқықтық базадағы, білім беру жүйесіндегі әдістемелік ұсынымдармен және өзгерістермен танысу; мектеп жарғысымен танысу. Оқу-тәрбие процесінің сапасын жақсартуға жәрдем көрсету. Оқушылардың құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелерін талқылау. Іс-шараларды өткізуді ұйымдастыруға жәрдемдесу. Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларды кеңсемен және киіммен қамтамасыз ету қорытындысы туралы "қамқорлық" акциясына қатысу. Аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға сыйлықтар жинауды ұйымдастыруға көмек көрсету. Оқушылар арасында салауатты өмір салты мен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс.

Оқу процесінің жағдайын жақсарту және оқушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдармен жұмыс. Аз қамтылған отбасылардан шыққан білім алушылардың жазғы демалысын және есепке алудың барлық түрінде тұрған білім алушылардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы.

Қамқоршылық кеңестің отырыстары тоқсанына бір рет өткізіледі, оларға қаржы салымдарының перспективалары қаралады, бұл хаттамада міндетті түрде тіркеледі. Шұғыл мәселелер туындаған кезде Кеңес жоспардан тыс жиналады.

Қамқоршылық кеңес пен мектеп әкімшілігі жұмыс істеген уақыт ішінде ынтымақтастық қатынастарын қалыптастыруға қол жеткізілді, бұл, әрине, бірлескен қызмет үшін қолайлы негіз болып табылады. Мектеп әкімшілігі әрдайым шақырылады және қамқоршылық кеңесінің отырыстарына қатысады.

Сынып жетекшілер ӘБ жұмысы

Оқу жылы бойы мектепте "Қазақстанның Құзыретті азаматын дамыту және тәрбиелеу үшін оңтайлы педагогикалық жағдай жасау" тақырыбы бойынша сынып тәрбиешілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істеді.

Мақсаты: тәрбие жүйесінің сапасы мен тиімділігін арттыру, сынып тәрбиешілерінің құзыреттілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру арқылы мектепте тәрбие нысандары мен әдістерін жетілдіру.

Міндеттері:

- * Жеке тұлғаның адамгершілік қасиеттерін жетілдіру мәселелері бойынша сынып тәрбиешілерін даярлаудың теориялық, ғылыми-әдістемелік деңгейін арттыру.
- * Сынып тәрбиешілерінің педагогикалық тәжірибесін зерттеу, жинақтау және тәжірибеде қолдану.
- * Тәрбие жұмысы жүйесіне Денсаулық сақтау технологияларын енгізу бойынша бағдарламаның орындалуын қамтамасыз ету.

* Әр оқушының шығармашылық тұлғасын оның қабілеттеріне, мүдделеріне, мүмкіндіктеріне, сондай-ақ қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес әр түрлі қызмет түрлерінде дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасау.

* Кәсіпкерлік, Тәуелсіздік, тиімділік, жауапкершілік, азаматтық, бастамашылық, адалдық пен әдептілікке ұмтылу сияқты жеке қасиеттерді дамыту.

* Жоғары дамыған рухани-адамгершілік тұлғаны тәрбиелеуге ықпал ету.

* Сынып тәрбиешілерін заманауи тәрбие технологияларымен және дарынды балалармен жұмыс жасаудың заманауи түрлерін білумен қаруландыру.

Оқу жылы барысында 5 отырыс өткізілді:

№ 1 отырыс. 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысын талдау, ұйымдастыру. Тәрбие жұмысын бір жылға жоспарлау. Өздігінен білім алу тақырыптарын таңдау (талқылау).

№ 2 отырыс. Тәрбие жұмысында инновациялық технологияларды қолдану. Сынып жұмысын қалай қызықты және мазмұнды етуге болады? Сынып тәрбиешілеріне құқық бұзушылықтың алдын алуды психологиялық сүйемелдеу бойынша ұсынымдар.

№ 3 отырыс. Дене шынықтыру-спорттық іс-шаралар салауатты өмір салтын қалыптастыру құралы ретінде. Оқушылардың зиянды әдеттерінің алдын алу (сынып тәрбиешілердің жұмыс тәжірибесінен).

№ 4 отырыс. Оқушылардың белсенді азаматтық позициясын қалыптастыру мәселесін шешуге жүйелі көзқарас. "Рухани Жаңғыру. Сыныптан тыс адамгершілік іс-шаралар, олардың технологиялары, сапасы мен тиімділігі.

№ 5 отырыс. 2022-2023 оқу жылындағы ӘБ жұмысын талдау. 2023-2024 оқу жылына алдын ала жоспарлау. Оқу жылындағы тәрбие жұмысын талдау. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындықтар жасау.

Оқу жылы ішінде әр сынып тәрбиешісі айына 2 іс-шараға қатысты, бір жыл ішінде қатысқан іс-шаралардың жалпы саны 20 құрады. Жұмыс нәтижелері бойынша сыныптан тыс іс-шараларға өзара қатысу дәптерлері толықтырылды.

Қорытынды шешім:

2021-2022 оқу жылы бойынша жүргізілген тәрбие жұмысын сараптай келе туындаған мәселелер:

Тәрбие жұмысында тек дәстүрлі әдістердің қолданылуы, бар мүмкіншіліктерді жүйелі түрде қолдану төмендігі

Тәрбиешілердің көбісі өз білімін жетілдіру тақырыбын таңдауда, және де оны орындауда әлсіз, әдістемелік көмекті қажет етеді.

Өзін – өзі басқару ұйымы жұмысын ұйымдастыруда бар мүмкіншілік жүйелі түрде пайдаланбаған

2023-2024 оқу жылына ұсыным:

Тәрбие жұмысына жаңа инновациялық әдіс – тәсілдерді енгізу , апробация жасау.

Оқушы мен ата-ана қоғамдастығын біріктіру, мектепішілік, облыстық іс-шараларға оқушыларды қатыстыруда ата-аналарды ынталандыратын, қызықтыратын әдіс-тәсілдер қолдану.

Мектеп көшбасшысының, өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысын жандандыру.

Қамқорлық кеңес пен Педагогикалық кеңестерге фракция мүшелерін тақырыпқа сай қатыстыру;

Ақпараттық фракциясы арқылы Мектеп Парламенті жұмысын цифрландыру.

**«Михаил Русаков атындағы мектеп-интернаты» КММ бойынша
құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің
2022-2023 оқу жылындағы жұмысын талдау
Сараптамасы**

Оқу жылының басында қылмыстардың алдын алу, оқу орнында оқушылар арасында тәртіпті нығайту, әлеуметтік қауіпті отбасылармен жұмыс істеу, кәмелетке толмағандардың қоғамға қарсы әрекеттеріне ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және талдау үшін құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құрылды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі қызметінің мақсаты:

- оқушылардың заңға бағынатын мінез-құлқы мен салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- оқушылардың девиантты және бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын алу, "әлеуметтік қатер" тобындағы білім алушыларды әлеуметтік бейімдеу және оңалту;
- мүшелері арасындағы салауатты қарым-қатынастарды қалпына келтіру және отбасылық тәрбиедегі ауытқуларды түзету мақсатында "тәуекел тобындағы" отбасымен кешенді түзету жұмыстарын жүзеге асыру.

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі принциптері мен міндеттері:

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің қызметі төмендегі принциптерге негізделген :

- заңдылық, демократия және кәмелетке толмағандарға ізгілікпен қарау;
- кәмелетке толмағандар мен олардың отбасыларына жеке қарым-қатынас;
- алынған ақпараттың құпиялылығын сақтау.

2. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі - алқалы орган болып табылады, оның мақсаты жоспарлау, әлеуметтік қауіпті жағдаяттардың (баланың қадағалаусыз қалуының, құқық бұзушылықтың, қоғамға жат іс-әрекеттер) алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру және орындалысын бақылау болып табылады.

3. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуына, қылмыс жасауына, құқық бұзуына, қоғамға қарсы іс-әрекет жасауына себеп болған жағдайларды анықтау және жою;
- кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- әлеуметтік қиын жағдайдағы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық оңалту;
- кәмелетке толмағандардың қылмыстық және қоғамға қарсы істерге қатысуын анықтау және жолын кесу;

Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі жоспарына сәйкес келесі нысандармен жұмыс жүргізілді:

1. Оқушылармен жұмыс;
2. Педагогикалық ұжыммен жұмыс;
3. Отбасымен жұмыс;
4. Сынып жетекшілерімен жұмыс;
5. Алдын алу жүйесінің ұйымдарымен және мекемелерімен өзара әрекеттесу.

2022-2023 оқу жылының басынан бастап алдын алу Кеңесінің 10 отырысы өткізілді, оның барысында тәрбие профилактикалық жұмысын оңтайландыру мәселелері қаралды, білім алушылармен және олардың ата - аналарымен жеке профилактикалық жұмыс жүргізілді.

Отырыстар арасында алдын алу кеңесі жұмысын тоқтатпайды. Күн сайын алдын алу жұмыстарына жауаптылар тәрбие жұмысын ұйымдастыру, қадағалаусыз қалудың, құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерімен айналысады.

Панасыздық, құқық бұзушылық, нашақорлық және маскүнемдіктің алдын алу мақсатында оқу жылы бойы:

1. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектормен кездесулер;
2. Тиісті тақырып бойынша сынып сағаттары мен әңгімелесулер;
3. Құқық сабақтарында құқықтық нормаларды зерттеу;
4. Жасөспірімдердің қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік мәселелері бойынша ПБ инспекторларымен кездесу;
5. Тәрбие сағаттарында темекі шегудің, нашақорлық пен алкогольизмнің зияны туралы алдын алу әңгімелерін өткізу;
6. Темекі шегудің, маскүнемдіктің, нашақорлықтың зияны туралы шығармашылық жұмыстардың конкурстары өткізілді.

Оқу жылы барысында оқушылардың құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесулері ұйымдастырылды. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты-ата-аналарға көмек көрсету, жанжалды жағдайларды шешу бойынша кеңес беру, психологиялық-педагогикалық қызметтің жұмысын ұйымдастыру.

Кестеге сәйкес педагогтер мен ата-аналардың рейдтік іс-шараларға қатысуы жүйелі түрде ұйымдастырылды, ата-аналар сыныптан тыс, жалпы мектептік іс-шараларда кезекшілікке тартылады.

Мектептің толық әлеуметтік паспорты жасалды, ерекше назар аударуды қажет ететін отбасылармен әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсету бойынша жұмыстар жүргізілуде - тренингтер, консультациялар өткізілді.

2022-2023 оқу жылына мектептің әлеуметтік төлқұжаты

№	Атауы	Саны
1.	Оқушылар саны	381
2.	Көпбалалы отбасылар саны	63
	- ондағы балалар саны	99
3.	Аз қамтылған отбасылар саны	82
	- ондағы балалар саны	93
4.	Толық емес отбасылар саны	69
	- ондағы балалар саны	145
	- анасының тәрбиесінде	108
	- әкесінің тәрбиесінде	13
	- тәтесінің (ағасының) тәрбиесінде	6
	- атасының тәрбиесінде	0
	- әжесінің тәрбиесінде	0
	- атасы мен әжесінің тәрбиесінде	8
	- оның ішінде өгей әкесінің тәрбиесінде	15
	- оның ішінде өгей шешесінің тәрбиесінде	1
5.	Ата-анасы мүгедек отбасылар саны	11
6.	Діни көзқарастар бойынша мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтамайтын оқушылар саны	0
7.	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны, оның ішінде:	7
	- қорғаншылықта және қамқоршылықта	2
	- патронаттық тәрбиеде	5
	- асырап алған отбасында	0
	- отбасы үлгісіндегі балалар үйінде	0
	- жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында	0
8.	Мүгедектігі бар балалар мен ЕББҚ(ерекше білім беруге қажеттіліктері) бар балалар саны	13
	- мүгедек балалар	4
	- ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар	8
	- оның ішінде үйде оқитын балалар	0
9.	ІПБ есебінде тұрған оқушылар саны	0
10.	ІПБ есебінде тұрған қолайсыз отбасылардың саны	4
	- ондағы балалар саны	10
11.	Мектепішілік есепте тұрған балалардың саны	4
12.	Ерекше педагогикалық назар аударуды талап ететін «тәуекел тобындағы» балалар саны	0
13.	Білім беру ұйымдарындағы бейнебақылау камераларының саны	42
14.	Мамандандырылған күзет қызметінің болуы	Бар

2022-2023 оқу жылындағы жұмысты талдай отырып, жұмыс барысында туындайтын бірқатар мәселелерді анықтауға болады:

Мектеп бойынша Балқаш қалалық ювеналды полиция бөлімінің тіркеуінде 0 оқушы, мектепішілік есепте 4 оқушы тұр.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыс нәтижелілігінің көрсеткіштері:

1. Мектеп оқушыларының сабақтан тыс уақытта жасайтын құқық бұзушылықтар санын азайту;
2. Мектеп ұжымында жанжал жағдайларының санын азайту;
3. Тиімді әлеуметтік-педагогикалық жұмыс есебінен ПБ есебінде және мектепішілік есепте тұрған балалар санын азайту;

2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс ұсыныстар:

1. Оқушыларда салауатты өмір салты туралы барабара түсінік қалыптастыру.
2. Балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуі мен үлгерімін арттыру бойынша мектептің барлық мамандарының қызметін үйлестіру.
3. Қамқорлықтағы балаларды әлеуметтік қорғау.
4. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу.
5. Оқушылардың мақсатты бос уақытын ұйымдастыру.